

Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектелулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

11/2015 ҚАРАША

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш
САРИЕВА, Пиалаш СУЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ

Мұғалімдерге көмек

Б.ЖҰМАБАЕВА.	Білім беруде жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі.....3
А.БЕСПАЕВА.	Топтық жұмыс арқылы оқушылардың шығармашылықтарын арттыру.....8
А.САДЫҚОВА.	Қазақ және орыс тілдеріндегі айырмашылықтар және оларды салыстыра оқытудың мемлекеттік тілде сөйлеуге үйретудегі маңызы.....16
Ж.ТОЛЫМБЕКОВА.	Білім сапасын арттыруға ықпал ету жолдары...28

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Г.ГЛАДУЛЛИНА.	Сұлтанмахмұт Торайғыров. Бір адамға.....35
Т.МҰҚАШЕВА.	Үш бәйтерек.....39
Г.УСКЕНБАЕВА.	Шәкәрім Құдайбердіұлы.....42

Білім негізі - бастауышта

М.ИБРАИМОВА.	Астана-бас қала.....51
А.СЫЗДЫҚОВА.	Үй жануарлары.....55

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

А.ЖАУКЕНОВА.	Интернет маған не үшін керек?.....58
А.УКСУКБАЕВА.	Сын есімді оқыту.....63
А.ЖҮНІСОВА.	Досымның хоббиі.....65
Р.ЖАҚСЫҒҰЛОВА.	Отбасы бюджетін жоспарлау.....68
Н.ЕМЕЛБАЕВА.	Қазақстан - біздің Отанымыз.....76
А.ҚҰМАРҒАЛИЕВА.	Мұқағали Мақатаев. Үш бақытым.....78
Э.ИЛЬЯСОВА.	Жалпылау есімдігін оқыту.....82
Ж.АСАНОВА.	Жалаң сөйлем.....87
А.ҚАНАШЕВА.	Фаст-фуд-денсаулықтың дұшпаны.....91
Н.АҒНИЯЗОВА.	Қазақстанның жануарлар әлемі.....94
Г.МҰҚАНОВА.	Зағ есімнің септелуі.....102
Г.ХАСАНОВА.	Тіл дамыту.....104

Колледж кеңістігінде

К.АБИШЕВА.	Шәкәрім және ғылым.....108
------------	----------------------------

Сыныптан тыс жұмыс

А.АЛТЫНТУРИНА.	XXI ғасыр көшбасшысы.....112
Б.ПЫНБАЕВА.	Жүз жасаған бәйтерек.....115

Білім сынағында

В.СҰЛТАНҚЫЗЫ.	Қазақ тілі пәнінен 7-сыныпқа арналған модульдік тест сұрақтары.....121
---------------	--

Игілікті іс-шара

В.ТАҢАТАРОВА.	Тәуелсіздік-тірегіміз.....135
Ж.БЕКЕЕВА.	Тіл-бірлік бастауы.....140

Мұғалімдерге көмек

Б.ЖҰМАБАЕВА,
№ 9 орта мектеп.
Семей қаласы

БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған кезеңі. Заман талабына сай қазіргі білім жүйесіндегі игі өзгерістер мен жаңалықтар соның нәтижесі. Бүгінгі білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оны мақсатты түрде жүзеге асыру – ақпараттық қоғам дәуірінің негізгі көзі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады. Осы ретте ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімділігін ашып айтуға болады. Қазіргі таңдағы жаңа технологияның жетістіктері-интерактивті тақта мен электрондық оқулыққа тоқталар болсақ...

«Активті экран» кешені білім үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға тағайындалған әмбебап интерактивтік жүйе болып табылады. Бағдарламалық-техникалық кешенді дидактикалық мақсатта пайдалану барысында олардың негізгі қызметі – жалпы ақпаратпен кәсіби біліктілікті жетілдіру бағытында қолданып, сонымен қатар бұл құралдың оқушылардың, ойлау және ойын қысқа және түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттырып, өз ойларын жаңа технология құралдары көмегімен жүзеге асыруын қалыптастыруды қамтамасыз ете алатыны белгілі болды.

Бағдарламалық-техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивті тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде мұғалім қосымшаны іске қосу, Web-түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т.б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- Пән бойынша базалық білімді меңгерту;
- Алған білімді жүйелеу;
- Өзін – өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс

істегенде әдістемелік көмек беру. Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және бейне ақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық -психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Жаңа технологияның бізге ұсынып отырған тағы бір жетістігі мультимедиялық оқулығымыз - электрондық оқулық. Білім берудің кез келген саласында танымдық белсенділікті арттырып, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайтын – электрондық оқулық. Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда

пайдалану ыңғайлы және оларда өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнбе-күн дамытылып тұратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жай түрде көрсетуге пайдалы. Электрондық оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіндік туғызады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, бейнекөріністер, дыбыс және музыка тындатып көрсетуге болады. Бұл әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың күштарлығы оянады.

Компьютерлер мен интерактивті тақта оқушылардың тілдік құзіреттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық үрдіс тиімділігін арттырады.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға, яғни, жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі

заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Кез келген халықтың, ұлттың толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті құралдарды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үдерісін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз.

Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Әдебиеттер:

1 Бөрібаев Б., Балапанов Е. «Жаңа ақпараттық технологиялар», -А: 2003.

2 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында», «Егемен Қазақстан» газеті, 3/ III-2005. № 13

3 Істеміров Н. «Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары», -А: 2007.

Ақылдың кені

Білімің болса дағы ұшан-теңіз,

Пайдасы жоқ халқыңа қызмет етпей.

Шал ақын.

Әлемдегі терең сыр

Ғылыммен ғана ашылмақ...

Сұлтанмахмұт Торайғыров.

А.БЕСПАЕВА,
«Қоскөл жалпы орта
білім беру мектебі»
мемлекеттік мекемесі.
Павлодар облысы,
Ертіс ауданы

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС **АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ** **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫН** **АРТТЫРУ**

Мақсаты: топтық жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың тіл байлықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

1. Жаңа әдістеменің әдіс-тәсілдерін енгізу;
2. Топтық жұмыс түрін қалыптастыру.

Өзектілігі: оқу-тәрбие ісінде мынадай өзекті мәселелер бар: оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз. Бір оқу міндетін басқа түрлі жолдармен өзгертіп, шеше білу қабілеттері, сонымен қатар алынған білім-білік дағдыларын қазіргі өмір мен ғылым, техника жаңалықтарымен байланыстырып, салыстырып, зерттеп өз болжамдарын жасау қабілеттері әлі де төмен деңгейде. Ал мұның себебі қайда жатыр және бұл мәселелерді шешу үшін білім үдерісінде инновациялық технологияларды оқып- үйреніп, өз іс-әрекетіме енгізу қажет деп ойлаймын. Білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа

технологиялар бар.

Бүгінгі таңдағы оқыту үдерісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Мен де оқыту тәжірибемде жетістіктерге жету жолдарын қарастырудамын. Оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын еркін және ерікті түрде білдірсе, шығармашылықпен жұмыс істесе екен деген мақсаттарды көздеймін. Тек білдіру емес, сонымен бірге өз пікірлерін дәлелдей алатын және оны іс жүзінде де асыра алатын тұлға болып қалыптасса екен деймін.

Мұғалім топтық жұмыс түрін қолданғанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отырады.

Топпен жұмыс жүргізу кезінде оқушылар:

- Бір-біріне бірдей сыйластықта болады;
- Бір-біріне деген жауапкершіліктері артады;
- Топтың барлық мүшелердің бір-бірін тыңдау, күту шыдамдылығы, кезектесе сөйлеу дағдылары қалыптасты. Топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері шыңдалады;
- Оқушылардың есте сақтау қабілеті жоғарылайды;
- Жиі-жиі ой талқысын жасау және өз пікірін білдіру арқылы оқушының сөйлеу дағдылары дамиды.

Бірлескен оқудың мәні.

Бінтымақтастық оқу – бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл мәселелерді шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді. Бінтымақтастық оқу оқуды табиғи-элеуметтік әрекет

ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі және осы әңгімелесу арқылы білім алады.

Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ та бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай:

1. Оқу-оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.

2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.

3. Қатысушылар әр адамның көзқарасымен танысудан пайда алады.

4. Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.

5. Оқудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әр түрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады [Smith and MacGregor, 1992]. [Нұсқаулық 40 - б].

Сабақ беру кезінде мен сын тұрғысынан ойлау

стратегияларын әдебиет сабақтарында қолдана бастадым. Олардың жаңашылдығы мен көп уақыт алатындығы топтық жұмыс түрінде көп қолдануға мүмкін болды. Оқушылардың тілдерін жетілдіру мен шығармашылыққа баулуда сыни тұрғыдан оқыту стратегиялардың маңызы зор. Соның ішінде толғанды тиімді етуге лайықталған “Венн диаграммасы”, “Бес жолды өлең”, “Көрнекілік арқылы баяндау”, “Семантикалық карта”, “Автор орындығы” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Оқушы өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады, ой-өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, тапсырмаларды орындау барысында өз ізденісімен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. Сондай-ақ топтық жұмыс арқылы оқушылар өз ойларын ашық айта білу, пікір айтуға үйрену, пікір таластыру (дебат), жолдастарының ойын тыңдау, жауаптарын бағалай білу, сыйластық, ұйымшылдыққа, білім сапасының көтерілуіне көп әсерлерін тигізеді. Сынып бойынша көп сөйлемейтін, ойлау дәрежелері төмен оқушылардың да қызығушылығы туып, өз мүмкіндіктеріне қарай топтар бойынша сабаққа қатысуға тырысады.

Сынып оқушыларының топтағы білімдерін бағалау үшін бағалау өлшемдерін белгілеп алу қажет. Олар:

- Оқушылардың сабақта белсенділік танытулары;
- Өз ойларын ашық та еркін жеткізе алуы;
- Тақырып бойынша ең негізгіні түсініп, ажырата білулері;
- Барлық топтар бойынша сыйластық, тәртіп, ұйымшылдықтың болуы.

Бағалау өлшемдері оқушыларға алдын ала таныс

болуы тиіс немесе тақтаға ілініп қоюы тиіс.

Топтық жұмыс жүргізу арқылы байқағаным: оқушылар сабақты өз еріктерімен қажеттілік ретінде қабылдады. Бір-біріне деген жанашырлықтары, өзара татулықтары, ұйымшылдықтары үнемі байқалып тұрды. Алдағы уақытта да топ мүшелері топ ережесін ұстанып, жұмыс істеуге тырысып отырды. Мен өз тарапымнан ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыруға ықпал етіп отырдым. Мен оқушыларымның мінез-құлқының ерекшеліктерін жақсы білемін. Сондықтан маған сыныпта ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыру айтарлықтай қиындық туғызбады. Сыныбымдағы тәртіп ережелері мен нормалары сақталды. Оқушылар бір-бірімен жұмыс істегенде өздерін жайлы сезінді. Олар топта, жұпта тапсырмаларды талқылау кезінде әңгімелесуге құлықты болды.

Топтық жұмыс түрін қолданған кезде менің сабағымда оқушылар арасында:

- бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың;
- өзін жеке-дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- достарының ойын тыңдай отырып, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;
- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмауы керек. Мұғалім баланың білімді игеруге қызығушылығын оятуы, шығармашылықтарын

дамытуы қажет.

Шығармашылық-бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Шығармашылық тапсырмаларды сыныпқа жаппай бере отырып, әр топтан тек қабілетті оқушылар орындап отырғанын байқадым. Бұл дарынды оқушыны анықтап алу үшін оңтайлы болды. Тапсырманы жеке орындаған оқушы да өз жұмысын топтың атынан қорғап, өз тобын алға сүйреуге ұмтылды. Бұл жерден ынтымақтастықтың белгісін анық байқауға болады.

Өз тәжірибемде оқытудың диалогтік тәсілдерін қолдануда топтық әңгімеге басты назар аудардым. Себебі сабақ берген сыныбымда оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге тартынып тұрды. Ал топта жұмыс істегенде оқушылар меңгеретін материалды топта талқылап, бір-біріне айтып, тілдерін жаттықтырып алады. Содан соң сынып алдына шығып сөйлейді.

«Қыз Жібек» жыры бойынша шығарманың сюжетін қайталау және оқушылардың өз ойларын еркін жеткізуге бағыттау мақсатында сабақта ашық сұрақтарды қолдандым. Мысалы: «Егер Төлеген әкесінің Қыз Жібек еліне баруына тыйым салғанына құлақ асса, тірі қалар ма еді?» деген сұраққа оқу үлгерімі жоғары Қарлығаш «Иә, тірі қалар еді. Себебі Төлегенді жолында тосып жатқан Бекежан өлтірмес еді» деп жауап беріп, өз ойын әрі қарай өрбітті. Оқу үлгерімі орташа Темірлан: «Жоқ, ол бәрібір тірі қалмас еді. Өйткені ол Қыз Жібексіз өмір сүре алмайды»,-деді.

Ал бұл сауалға үлгерімі төмен Наурызбай қысқаша ғана «келісемін» деді. Мен Наурызбайды «Төлеген кім?», «Ол қандай адам?» секілді жабық сұрақтар қою арқылы сөйлеттім. Сабақтың талдау кезеңінде «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу», «Армансыз адам болмайды» Қыз Жібек, Төлеген позициясын дәлелдеуге дебат-әңгіме өткіздім. Оқу үлгерімі жоғары Қарлығаш Қыз Жібектің махаббатына берілгендігі жайында өз ойын еркін жеткізе алса, орташа оқитын Темірлан Төлеген позициясын қорғауда өз ойын жүйелі түрде жеткізе алмады. Ал үлгерімі төмен Наурызбай Төлегеннің махаббатқа беріктігін өз деңгейінде жеткізуге тырысты.

Топпен жұмыста оқушы өз білім деңгейін бағалайды, білімін жақсартады, сабаққа деген белсенділігі артып, қызығушылығы оянады, өзін-өзі, бірін-бірі бағалауды үйренеді. Топтық жұмыс жүргізу арқылы байқағаным: оқушылар сабақты өз еріктерімен қажеттілік ретінде танып, белсенділік танытуға тырысып бақты.

Қорыта келгенде, аталмыш бағыттағы жұмыс жүргізуге дейінгі және кейінгі кезеңін (аралығын) салыстыру оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласының артқандығын, адами жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады.

Тәжірибе барысында көзім жеткені: оқушылардың топпен жұмыс жүргізу барысында сабақтағы белсенділіктері, шығармашылықты қажет ететін жұмыстарға қызығушылықтары арта бастады.

Сабақтарымда топпен жұмысты әрі қарай қолданып, оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына деген қызығушылықтарын әрі қарай арттыру, топпен жұмыс

істеу жағдайында оқушылардың құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, жаңа идеяларды ұсынуға және қорғауға, әр түрлі ұстанымдармен алмасуға, шығармашылықтарын дамытуға және сабаққа белсенді қатысуға ықпал жасауды жалғастыруды көздеймін.

Әдебиеттер:

1 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі», ДББҰ, 2012.

2 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М. 1988.

3 (Smith and MacGregor, 1992). (Нұсқаулық 40- б).

4 Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. - Өскемен, 2005.

5 Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы: Оқу құралы.



Ақылдың кені

*Адам білмегендіктен адаспайды,
Білгішсінем деп адасады.*

Ж.Ж.Руссо.

*Мектепте оқу керек, ал мектептен шыққан соң,
онан да көп оқу керек.*

Д.И.Писарев.

*Көп білем десең,
Аздан бастап үйрен.*

Д.Локк.

Барлық істің басшысы - білім мен ұғым.

Ж.Баласағұни.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САЛЫСТЫРА ОҚЫТУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Тіл - адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Сөйлесу тек адамға ғана тән. Адам баласы бірнеше тілде сөйлеседі.

Тілдерді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Сол себепті де мемлекеттік тілімізді басқа ұлт өкілдеріне меңгертуде дүниежүзінің әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген қатысымдық бағытты ұстану-бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің бірі. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауын 6-ақпанда жариялады. Осы жолдауда көтерілген мәселелердің бірі-“Тілдердің үш тұғырлығы”.

Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық, әдістемелік, практикалық оқу құралдарын, аудио-бейнематериалдарда әзірлеу керек- дейді елбасы. Ал, тіл ұстартуда мұғалімнің қойған басты мақсаты да сол, өз сабақтарында жаңа

технологияны қолдана отырып, оқытудың сапасын жетілдіру мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту.

Тіл дегеніміз - қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, ертеңгі де тағдыры.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның болашағы қазақ тілінде! Қазақстанның ұлы держава болуы үшін бізге күш-қуаты, қажыр-қайраты мол ақылды ды, ойлы, дарынды жастар керек деп бағыт беріп отыр. Ұстаздардың алдындағы мақсаты: жаңашылдықты енгізе отырып, өзіндік бағыты бар, алдына мақсат қоя білетін, мемлекеттік тілді меңгерген Қазақстан Республикасының жеке тұлғасын қалыптастыру болмақ.

Мақсаты: салыстырма тіл білімінің мүмкіндіктері және салыстыра оқыту әдістемесін қазақ тілі сабақтарына енгізу.

Міндеттері:

1. Берілген тақырып бойынша психоло-педагогикалық және әдістемелік әдебиетті меңгеру және анализ жүргізу.

2. Жоғарғы буындарда қазақ тілі сабақтарында қазақ және орыс тілдерінің грамматикасын салыстыра оқыту тәжірибесін ортаға салу.

3. Қазақ тілі кафедрасына екі тілді салыстыра оқыту тәжірибесінен ұсыныстар енгізу.

Біздің еліміз-көп ұлтты мемлекет, сондықтан мемлекеттік мәртебе алған қазақ тілін оқытып-үйретудің, игертуді жан-жақты жүзеге асырып, жетілдіре түсуді міндетіміз деп білуіміз керек. Қорыта келгенде, мемлекеттік тілді оқытудың сапасын арттыру-бүгінгі таңдағы қойылып отырған өмір талабы. Осы талапты орындау-баршамыздың

қасиетті борышымыз. Және де мүмкіндігінше барлық тақырыптарда өз халқымыздың әдеп-ғұрыптары, салт-дәстүрлерімен байланыстырып және орыс халқының салт-дәстүрлерімен салыстыра сөз етіп отырсақ, тіл үйренудің тиімділігі едәуір арта түсер еді.

Тіл мен қоғам тығыз байланысты күрделі құбылыстар болғандықтан, өзге тілдерді меңгеру мәселелері қоғамдағы әлеуметтік, саяси-экономикалық факторлармен сабақтаса қарастырылады. Соған сәйкес, тілдің әлеуметтік сипаты оны үйрену кезінде аса құнды қызмет атқарады. “Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде” журналында жарияланған ізденуші Екатерина Қауысқызының “Қазақ және орыс тілдеріндегі айырмашылықтар” ғылыми-әдістемелік мақаласында бір тіл мен екінші тілдің байланысуы, ең алдымен халықаралық қатынас тудыратын қажеттілік делінеді. Олар кез келген қоғамда, негізінен, түрлі бағытта дамиды: экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени. Ендеше, тіл меңгеру мәселесі, әсіресе, мемлекеттік тілді үйрену–қоғам қажет ететін, уақыт пен заман талап ететін, адам-қоғам қажет ететін, оның шексіз мүмкіндігін ашатын, ең басты, әлеуметтік факторлардың жиынтығына негізделетін лингвистикалық әрі жалпы танымдық проблема. Себебі, қазіргі заманда қазақ тілін үйрету мәселесі-ірі қоғамдық мақсаттарды жүзеге асыруға көмектесетін іргелі мәселелердің бірі.

Тіл үйретудің негіздері тілдің сақтаушысы-ұлттың өзіндік ерекше қасиетін, салт-санасын, тарихы мен мәдениетін, сол ұлттың рухани құндылықтарын

таныстыру, таныту. Тілдің тасушысы- қазақ халқына деген сыйластықты арттыру, қазақ ұлтының рухани қазынасын игеру арқылы оны дамытуға өз үлесін қосуға деген құлшынысын тәрбиелеу, қалыптастыру-негізгі міндет болып табылады.

Бүгінгі күнді мемлекеттік тілді оқыту мәселесі әдістеме ғылымында өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны белгілі. Алдымызға қойған мақсаттарды орындау үшін, белгілі міндеттерді орындау шарт. Атап айтқанда,

1. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес орфографиялық, орфоэпиялық дағдыларды қалыптастыру.

2. Оқушыларды мәтіндерді түсініп, мәнгерлеп, шапшаң оқуға дағыландыру.

3. Оқушының сөйлеу әрекетін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту.

4. Оқушының сауатты жазу дағдыларын жетілдіру.

5. Оқушыларды екі тілдік аударма жасай білуге жаттықтыру.

6. Оқушыларды қазақ тіл грамматикасының ерекшеліктерін орыс тілі грамматикасымен салыстыра білуді үйрету.

Сондай-ақ ана тіліндегі білім дағдыларын, іскерліктері мен қабілеттерін қазақ тілін саналы меңгеруге, үйренуге жұмсайды.

Екі тілдің өзара айырмашылықтарын салыстыру жолымен олардың дұрыс сөйлеу дағдылары қалыптастырылады. Қазақ тілін оқу арқылы оқушы орыс тіліндегі білім дағдыларын, іскерліктері мен қабілеттерін қазақ тілін жете саналы меңгеруге, үйренуге жұмсайды. Осыған байланысты туған жаңа

бағыттар мен әдіс-тәсілдердің ішінде екінші тілде оқыту барысында грамматиканы оқушы өз ана тілінің грамматикасымен салыстыра оқыту тиімді де ұтымды екенін тәжірибе көрсетіп берді. Қай тілді алсақ та, оның өзінің сөздік құрамы, ерекше фонетикалық жүйесі және грамматикалық құрылысы болады. Сонымен бірге, грамматиканы оқыту-оқушының логикалық ойлауын дамытатынын естен шығармау абзал.

Қазақ тілі екінші тіл ретінде меңгерілгенде грамматика құрамды қызметін атқаруы керек. Қазақша сөйлеп ойын басқаға жеткізу үшін, сөздерді бір-бірімен байланыстырып, оларды сөйлемде дұрыс орналастырудың маңызы ерекше. Олай болса, тіл үйренушіге сөздерді байланыстыратын қосымшаларды үйрету, сөздердің орын тәртібін меңгерту, сөйлемнің жасалу жолдарын білдіру абзал.

Өйткені, сөйлемсіз ойды жеткізу мүмкін емес. Ал, сөйлеу әрекеті сөйлемнен тұрады. Ана тілінде сөйлегенде, оқушы сөйлеу дағдысы бойынша кідірмей, көп қиналмай, бірден өз ойын таратады. Екінші тілде сөйлегенде оқушы өз ойын дұрыс тарату үшін оның тәсілдерін іздейді.

Аталған мақсатпен материалдың ең дұрысын таңдауға тырысады. Бұл оқушының ойын дамытады, байытады. Қазақша мәтінді түсіну, мәтіннің ойтүйінін ұғыну үшін де мәтіндегі грамматикалық көрсеткіштердің мән-мағынасын білу қажет. Сөйтіп, өз ойын басқаға жеткізу үшін ғана қолданып қоймай, басқаның да ойын ұғыну үшін грамматиканың рөлі анықталады. Сонымен қатар грамматиканы таза теориялық тұрғыда емес, тілді қоғамдағы қарым-

қатынас ретінде оқытқанда қосымша мәлімет тұрғысынан беру орынды. Қазақ тілі орыс мектебінде екінші тіл ретінде оқытылғандықтан грамматикалық материалдарды сұрыптап алған жөн. Айталық, қазақ тілінің тәуелдік жалғауы-өзіндік ерекше мәні бар қосымша, меншікті білдіретін ең белсенді қосымша. Қазақ тілі шылауға өте бай, бірақ олардың бәрінің қызметі бірдей емес. Солардың ішінде сұраулы сөйлем жасайтын *-ма, -ме* сұрау шылауларының ерекше өзіндік мәні мен қызметі бар. Сөйлеуге үйренуде сұрақ-жауаптан тұратын екі кісі диалогінің мәні өте күшті. Сұраулы шылауы арқылы қойылатын сұрақтың тілді үйретудің алғашқы сатысында атқаратын қызметі зор, өйткені өзіндік ерекшелігі сонда-қойылған сұрақ-жауапты талап етеді. Ал бұл тіл үйренудің бірден-бір тура жолы. Грамматикалық көрсеткіштерді қазақ тілін оқыту үшін таңдағанда, олардың осындай өзіндік ерекшеліктерінің ескерілуі өте пайдалы. Екінші тілді оқыту барысында оқушының ана тіліне қажетті жағдайда ғана сүйгені абзал. Ендеше қатынас жасау үшін грамматиканы теориялық деңгейде ғана меңгерту жеткіліксіз. Оны сөз бен сөзді байланыстыруда, сөйлем құрып дағдыландыру мақсатымен оқыту қажет. Сол арқылы тілдің грамматикалық меңгеру, жазу дағдысы берік қалыптасады. Сонда ғана оқушы өз ойын қазақша жеткізеді. Коммуникативтік қарым-қатынасты нәтижелі жолға қоюдың ең тиімді жолы грамматикалық тақырыптарды жүйелі түрде оқыту болып табылады. Оқушы сөйлеу барысында сөздің өзгеруін грамматиканы меңгеру арқылы түсінеді. Сол себепті қазақ тілінің грамматикасын басқа

тілді оқушыларға ең оңай түсінікті оқыту жолдары кездеседі.

Оқушыға грамматикалық анықтамаларды жатқа үйретіп айтқызбай, оның практикалық жағына көп мән беру керек. Грамматика барлық тілдік қарым-қатынастың негізі болып табылады. Жағыпар Мұсаұлы және Раушан Әміренова “Қазақ тілінің салғастырмалы грамматикасы” еңбектерінде қазақ және орыс тілдерін генологиялық жақтан алғанда, әр түрлі тілдік топтарға жататынын, қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, орыс тілі индоеуропа тілдерінің шығыс славян тобына жататынын атап өтеді. Қазақ тілінің XV-XIX ғасырлар аралығында құрылысы жайындағы мәліметтер Алпамыс, Қамбар, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Көкше сияқты тарихи эпостар мен тарихи поэзия жырларында берілген. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен араб, парсы, монғол, орыс тілдерінен енген. Қазақ пен орыс халықтары қонысы мен өрісі ежелден іргелес, көрші елдер.

Жалпы, қай тіл болмасын кірме сөздер арқылы байып, толығып отырған. Қазіргі қазақ тілінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы еуропа халықтары тілінен енген мындаған сөздер бар. Ал, кірме сөздердің морфологиялық ерекшеліктері ретінде олардың септелмеуін, көпше, жекеше формаларының болмауын атауға болады. Мысалы, Раушан Әміренованың “Салыстырмалы грамматикасында” *такси, кофе, пальто, мини, макси* сияқты кірме сөздер септелмейді, жекеше, көпше формалары жоқ делінеді. Дыбыстарға келетін болсақ, қазақ тілінде бұрын болмаған, орыс тілінен енген дауыссыздар

бесеу (в,ф,х,ц,ч). Қазақ тілінде бар, орыс тілінде жоқ дауыссыздар да бесеу (ғ,н,қ,у,һ) делінген.

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де буын бір дыбыстан немесе бірнеше дыбыстың тіркесінен жасалады. Қазақ тілінде буын түрлері үшеу, ал орыс тілінде екеу. Қазақ тілінде олар мынадай:

1. Ашық буын (ә-ке, ше-ше).
2. Тұйық буын (өт, өрт).
3. Бітеу буын (тіс, қант).

Ал орыс тілінде:

1. Ашық буын.
2. Бітеу буын.

Бірақ қазақ тіліндегі тұйық буын орыс тіліндегі бітеу буынмен сәйкес келеді. Ал, буын үндестігі тек қазақ тіліне тән, орыс тілінде жоқ. Орыс тілінде сөздің бір буыны жуан, бір буыны жіңішке болып келе береді. Екпін қазақ тілінде сөздің соңғы буынына түседі, ал орыс тілінде екпін сөздің кез келген буынына түсе береді. Қазақ тілінде жалғаулар дербес мағыналы түбірге жалғанады. Орыс тілінде жалғау көбінесе дербес мағынасы жоқ түбірге жалғанады. (окн-о, окн-а).

Қазақ тілінде түбір морфема өздігінен жеке тұрып дербес сөз бола алады. Қазақ тілінде де, орыс тілінде де түбір морфема сөз тудырушы қосымша морфемадан тұратын сөздің негізі туынды түбір деп аталады. Жұрнақтарға келсек, екі тілде де синонимдік, омонимдік мағынада қолданылатын жұрнақтар бар. Мысалы, *ұйқышыл, шайқор*. Қазақ тіліне антонимдік мағынадағы жұрнақтар тән екеніне тоқталып өтемін. Ал, орыс тілінде сөз түбірі көбінесе дербес мағына білдіре алмайды. (уч-и-ть), (об-уч-е-ни-е). Қазақ

тілінде аффикстер бір мағынаны білдіреді.

Мысалы, *үстел-дер-дің*. Орыс тілінде аффикстер көп мағыналы, яғни, бір аффикс бірнеше грамматикалық мағына білдіре алады. Қазақ тілінде жалғаулардың түсіп қалуы деген жоқ. Орыс тілінде көп мағыналы жалғаулар жалғанған жағдайда басқа жалғаулар түсіп қалады.

Қазақ тілінде сөздің тәуелдік мағынасын тәуелдік жалғаулар береді.

1. Тәуелдік жалғаулар арқылы *менің досым, сенің досың*

2. Меншіктік мағынаны білдіретін *-нікі, тікі, дікі* жұрнақтары арқылы *кітап менікі, үй сенікі*.

Бұл жұрнақтардың ерекшеліктері сингармонизм заңына бағынбайды. Орыс тілінде тәуелдік жалғау категориясы жоқ.

Ал, орыс тілінде тәуелдік мағына синтаксистік жолмен беріледі:

1. Тәуелдік есімдіктер арқылы.
2. Тәуелдік сын есімдер арқылы.

С.Исаев және Г.Нуркина екі тілдегі сөз таптарын семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай төмендегідей топтастырады.

Негізгі сөздер	Самостоятельные слова
1. Зат есім	1. Имя существительное
2. Сын есім	2. Имя прилагательное
3. Сан есім	3. Имя числительное
4. Есімдік	4. Местоимение
5. Етістік	5. Глагол
6. Үстеу	6. Наречие
7. Қазақ тілінде жоқ	7. Категория состояния
8. Шылау	8. Союзы

9. Предлоги

А) Жалғаулық

Б) Септеулік

В) Демеулік

9. Еліктеуіш сөздер Орыс тілінде жеке аталмайды.

10. Одағай

10. Междометие

11. Модаль сөздер

Жеке сөз табы ретінде

аталмайды.

Грамматикалық тақырыптарды меңгертуде сөз таптарының орын тәртібін тиянақты түрде түсіндіру керек. Мысалы, *Оқушы бес қызыл шар алды*. Зат есім бірінші орында, екінші орында сан есім, үшінші орында сын есім, төртінші орында зат есім, бесінші орында етістік екенін оқушының санасына мысалдар арқылы жеткізу керек. Қазақ тілін оқытқанда, зат есім, сан есім, етістік, тағы басқа тақырыптардан теорияны айтудың қажеті жоқ, оқушы оны ана тілінен біледі. Оқушының ана тілін салыстырмалы түрде пайдалану тәсілі мұғалімнің уақытын үнемдейді. Ал, керісінше қазақ тілі үшін қаншалықты проблемалық тақырып екенін түсіндіру өте қажет. “Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде” журналының 2005 жылғы №12 санында жарияланған Е.Қауысқызының мақаласында септік жалғаулары қазақ тіліндегі грамматикалық категориялардың ішіндегі ең бір маңыздылары екені, септік жалғаулары сөйлемдегі сөздерді байланыстыру қызметін атқаратыны, тілде өте жиі қолданылатын қосымшалардың бірі болып табылатыны туралы, септік жалғауларын оқытуда оның алдымен негізгі мағынасын білдіріп, оны әбден меңгерген соң, кейін қажетіне қарай басқа да тұрақты, танылған мағыналарға қосуға болатыны айтылған.

Септік жалғауларының көбі етістікпен тіркеседі. Сондықтан оқушыны септік жалғаулы сөздің етістікпен тіркесіп қолданылуына жаттықтыру керек. Әр сөздің тіркесетін етістігінде де ерекшеліктері бар, сөз кез келген етістікпен тіркесе бермейді.

Мысалы, Қалаға кетті. Қалаға келді. Қалаға асықты.

Оқушы септік жалғауларын сөйлеуде дұрыс қолдана білсе, ойын байланысты түрде жеткізе алады.

Септік жалғауларын өткенде онда орыс тіліндегідей көпше септелудің жоқ екенін ескеру керек. Бірақ септік жалғаулы сөздерге қойылатын сұрақтардағы ұқсастықтарды оқытуда пайдалануға болады. Сондықтан орыс мектебінде ортақ грамматикалық құбылыстардың екі тілдегі терминдерін аударма арқылы көрсетудің ана тіліндегі білім арқылы оның қазақ тіліндегі мәнін түсінуге көмектеседі. Мысалы, зат есім, етістік туралы айтқанда, оқушы оның не екенін өзінің ана тілі арқылы түсінеді. Грамматиканы оқытуда мұғалім оқушының ана тілінің де, қазақ тілінің де грамматикалық құбылысының ерекшелігімен ортақ жалпы мәселелерін жақсы біліп, оқыту кезінде оны пайдалану өте тиімді де пайдалы болып табылады. Ол грамматиканы түсіндірудің сапасын арттырады. Қазақ тілінің грамматикалық категориялары сөйлемдегі ойдың байланысын білдіреді және сөздердің бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді.

Тілдің грамматикалық категорияларының қызметінсіз қазақ тілінде сөйлеуге, сөйлегенді түсіну, үйрету мүмкін емес. Мысалы, зат есімнің мағынасына қарай төрт түрі барын (жалқы, жалпы, деректі,

дерексіз), тұлғасына қарай екі түрін (дара, күрделі), түрленуі төрт жалғау арқылы жүзеге асатынын, сөйлемнің бес мүшесі де бола алатынын оқушы білуі тиіс. Қазақ тілінде септелмейтін зат есім жоқ. Орыс тілінде өзгермейтін сөздер, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздер қазақ тіліне ене септеледі, көптеледі, жіктеледі. Қазақ тілінде жатыс септігінен басқа септіктердің бәрі септеулік шылаулармен қолданылады. Ал орыс тілінде атау септігінен басқа септіктердің бәрі септеулік шылаулармен қолданылады.

Сын есім анықтауыш қызметін атқарып тұрғанда, еш уақытта да тәуелденбейді, көптелмейді және септелмейді. Мысалы, тас үй, тас үйлер, тас үйлерге. Ал орыс тілінде сын есім анықталатын зат есіммен бірдей өзгеріске ұшырайды, яғни, көптеледі, септеледі, тек (род) категориясы бойынша өзгереді. Мысалы, каменный дом, каменные дома.

Сан есімді өткенде қазақ тілінде күрделі сан есімдер он бірден басталса, орыс тілінде жиынма бірден басталатынын айтып өтемін.

Жинақтық сан есімдер қазақ тілінде бірден жетіге дейін олса, орыс тілінде екіден онға дейін болады. Қазақ тілінде топтау сан есімдері дара да, күрделі де болады, ал орыс тілінде топтау сан есімдері жоқ болғандықтан қазақ тіліндегі топтау сан есімдеріне толығырақ тоқталып, оның дара да күрделі түрлеріне толық тоқталып тест тапсырмалары арқылы әр түрлі жаттығу жұмыстары арқылы бекітіп, естерінде сақтауға тырысамын.

(Жалғасы бар.)

Ж.ТОЛЫМБЕКОВА,
Ә.Бейсеуов атындағы мектеп.
Алматы облысы,
Жамбыл ауданы

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ ЖОЛДАРЫ

Қуатты елге айналып отырған жасампаз Қазақстан әлемдік дағдарыстардың елімізге ықпалын неғұрлым азайта отырып, әлеуметтік сапамыздың артуына күшті салуда.

Соның ішінде білім беру ісі дамылсыз дамытылуда. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Жолдауында: «Сапалы білім – Қазақстанның инновациялық дамуына және жаһандануына негіз болуы қажет, – деп міндет қойды. Осы негізде еліміздің білім беру жүйесінде Кембридж университеті дайындаған 7 модульді бағдарлама енгізілуде. Сол модельдердің бірі – сыни тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер.

Бұл модуль оқушылардың бұрынғы алған білімдері мен сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған жаңа білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Шәкірттердің білім алуда сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, ізденімпаз оқушы дайындауға қызмет етеді.

Сынтұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының басты мақсаты – «Ойлау туралы ойлау».

«Дайын білім» беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған

өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады.

Оқушыларды сын тұрғысынан ойлауын дамыту дегеніміз – оқуда туындайтын мәселелерді – өз бетінше және шешімдерді жекелей немесе топтарда қабылдауға негізделген заманауи білім беру.

Сынтұрғысынан оқыту – оқушының өзіндік тәуелсіз ойлауы, жаңа идея таба білуі, мәселені шешудің жолын өзі іздеп табуы, логикалық зерттеуі мен ой жүгірту әдістерін өз бойынан көрсете білуі. Сынып оқушылары топқа бөліну арқылы, топтық жұмыс жасайды, бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, өз идеясын ұсынады, пікірін ашық айта алады, сыни тұрғыда ойлау қабілеттері дамиды, жаңа тақырып мәтінін өз бетімен меңгеру, тақырып төңірегінде ғана тоқталып қалмай, өз пікірлері қалыптасады, сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығы жоғары деңгейде болады.

Оқушыларға қатысты сыни тұрғыдан ойлау ақпарат пен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Сындарлы оқытуға негізделген сабақтарда оқушыларды бағыттай отыра, олардың өз бетімен ізденіс жасап, ой қорытуларына, жаңа білімге деген түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Әйгілі зерттеуші Л.С.Выготский: «Дәстүрлі оқыту бала дамуына қондырғы болып, дамуға стихиялы

әсер етсе, яғни, дамудың соңынан жүреді, ал жаңаша оқыту дамытуды өзімен бірге ала жүреді» – деп жазған болатын.

Сол айтқандай, тек дәстүрлі оқытумен шектеліп қалмай, жоғарыда көрсетілген талап-міндеттердің жүзеге асуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды қолдану өзектілікті болып табылады.

Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауының негізгі ерекшеліктері:

Ұтымдылық: ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақтар қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу.

Сынаржақтылықтың болмауы: барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу.

Пайым: дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау.

Тәртіп: тиянақты, нақты және жан-жақты болу.

Өзіндік сана-сезім: өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну.

Жалпы сын тұрғысынан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар

жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады.

Оқушыны оқыту үдерісінде аталған стратегиялармен жұмыс жасау, оқытуда оқушылар бойында аталмыш дағдыларды дамыта отырып, сыни ойлауға қалыптастыру мүмкін нәрсе. Сондықтан бұл үдерісте қазіргі заман мұғалімі «бағыттаушы» және оқушылар «ізденуші» болуы тиіс. Мұғалім – тек сабақ беруші ғана емес, ізденімпаз, жаңашыл, үнемі өз білімін жетілдіріп, сапалы білім берудің жолдарын іздестіріп отыратын тұлға. Мұғалім үшін ең бастысы – оқуды сапалы, табысты етудің маңызды факторы ретінде оқушылардың өздігінен білім алып, өз білімін бағалай білуін басты назарда ұстау.

Білім сапасын көтеруде сыни тұрғыдан ойлау модулінің маңызы зор. Сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын қолданғанда оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артады. Оқу үрдісінде қоғам талабына сай шығармашылық қабілеті дамыған тұлғаны қалыптастырады. Оқушылар өздерін субъект ретінде сезеді.

Сыни ойлауды қолдану барысында: мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасында ынтымақтастық, достық қарым-қатынас орнайды; оқушыларда нені және не үшін оқу керек екендігі туралы түсінік қалыптасады, олар өз бетімен білім алуға, оқулықпен және басқа да оқу әдебиеттерімен жұмыс істей білуге, алған білімін күнделікті үйренеді.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда диалогтің маңызы ерекше. Талқылаудағы пікірталастық әңгіме: оқушылар бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды; кумулятивтік әңгіме: оқушылар бірін-бірі сынамайды; зерттеушілік

әңгіме: ұсыныстар жайында күмән туып, қарсы дау айтылып, негізделген дәлел мен сыни тұрғыдан ойлау арқылы жалғасады.

Диалог – қателіктер мен тәуекелдерді азайта отырып, таңдауды қысқартуға және түсініктер мен қағидаттарды жеткізуді ықпал ететін сауалнама мен талқылаудың жиынтығы арқылы өзара түсінікке қол жеткізу.

Сыныпта қолданған диалогтық әдіс-тәсіл оқушылардың сыныпта әңгіме құруына, басқаны тыңдай білуге, пікір алмасуына, ойын бүкпесіз ашық айтуына, сыни тұрғыдан ойлау элементтерін, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға үлкен көмегін тигізеді.

Сабақ беру кезінде білім берудің жаңа стратегияларын енгізуде нәтижесі көрінеді. Топпен жұмыс, жұппен жұмыс, сауалнама, диалог арқылы сөйлесу, сұрақ-жауап әдістері оқушыны бұйығылықтан арылуға, сөйлеу тілін дамытуға, ойын еркін жеткізуге дағдыландырады. Диалог, сұхбат арқылы сөйлесуді үздік оқушы мен ынтасы төмен оқушы арасында жүргізсе, нашар оқитын оқушының өзі сөйлесіп отырған сыныптасына еліктеп, содан естіп, тыңдап, біраз мәліметті көкейіне тоқып алары ақиқат. Балалардың зейін қойып ойлауы мен тапқырлығына топта, жұпта жұмыс істеу, диалог арқылы сұрақтар қою, сұхбат арқылы мүмкіндік туғызып, ойларын одан әрі дамытуларына жол ашады.

Сыни ойлауға үйретуде мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін негізге алуы керек. Тапсырмаларды да меңгере алатындай, сұрақтарға дұрыс жауап іздей алатындай етіп қою керек. Сол кезде сабақ күтілген

нәтижеге қол жеткізеді.

Сабақ барысында мынадай талаптар басшылыққа алынуы қажет:

1) мұғалім оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы керек;

2) оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс;

3) балалардың оқуға деген ынтасын күшейту керек;

4) өз дербестігін, белсенділігін дамыту қажет;

5) оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керек.

Осы қағидалар негізінде сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу – оқушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап іздеп жан-жақты білім алуына көмектеседі.

Оқушының шығармашылық бейімділігін неғұрлым ертерек байқап, көңіл бөлсек, соғұрлым оны дамытуға мүмкіндік болады. Ертеңгі ел болашағы – өскелең ұрпақ десек, сол ұрпақты қанаттандыратын ұстаз. Осындай жауапкершілікті сезіне отырып, жас жеткіншектерге тек қана білім беріп қоймай, олардың шығармашылық қасиеттерін дамыту – ұстаз міндеті.

Альберт Эйнштейн: «Мен еш уақытта өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын», – деген екен.

Аннотация

Мақалада білім сапасын арттыруға ықпал ететін жолдардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы екені дәйектеледі. Сын тұрғысынан ойлау

технологиясына сипаттама беріліп, ондағы мұғалім мен оқушы орны көрсетіледі.

Способы повышения качества образования

В статье отражены пути формирования критического мышления у учащихся, как один из способов повышения качества обучения. Автор характеризует технологию обучения с применением критического мышления, определяет роли учителя и учащихся в этом процессе.

Ways to improve the quality of education

The article reflects the way of formation of critical thinking of students, as a way of improving the quality of education. The author describes the technology training using critical thinking, determines the role of the teacher and students in the process.

Әдебиеттер:

1 Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті. №10, 35-45-бет.

2 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. –А: 2013. 448-бет.

3 Боранбаев Ж., Омарова Л. Қазақ мектептерінде «Кембридж» тәсіліне негізделген жаңаша оқытудың бүгінгі баспалдақтары. –А: «Білім». 2012, 272-бет.



Г.ГАБДУЛЛИНА,
№ 19 орта мектебі,
Қостанай облысы,
Қостанай қаласы

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ. БІР АДАМҒА

(8-сынып)

Мақсаты:

А) С.Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы туралы айта отырып, өлеңнің мән-мазмұнын түсіндіру, әдебиет теориясы, ирония мен сатира туралы түсінік беру;

Ә) оқушылардың қоғамдық-саяси дүниетанымын дамыту;

Б) сабақ барысында оқушыларды өз ойын айта білуге, мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

Түрі: жаңа білімді меңгеру сабағы.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, іздену.

Көрнекілігі: интерактивті тақта.

Күтілетін нәтиже:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Сабақтың мақсатын түсіндіру.
3. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі.

Интерактивті тақтада Сұлтанмахмұт Торайғыровтың портреті мен сабақтың тақырыбы көрсетіледі.

Ой шақыру: *Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам?-*

деген жолдар өмірлік қағидасы болған ақын кім?

- Бұл жолдардың авторы Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда Омбы уезінің Қарауыл Шабар ауылында, кедей отбасында туған. Шешесінен ерте айырылған ақын жетімдік зардабын көп тартады.

С.Торайғыров білімге деген құштарлығының арқасында молдадан білім алғанды қанағат тұтпай, 1912 жылы Тройцк қаласындағы медреседе оқиды: қаражаттың болмағандығынан көп қиындық көріп, ауруға шалдығады. Ауылда бала оқытып, шығармашылығын шыңдайды.

Алғашқы өлеңдері: «Орнымыз медресе – оқып жатқан», «Дін», «Соқыр сопы».

Өлеңдерінің басты тақырыбы – өнер-білім. Өлеңдермен қатар ол қара сөзбен романдар жазған. Поэмалары: «Кедей», «Адасқан өмір», «Айтыс». Қазақ әйелінің теңсіздігі мәселесін көтерген романдары: «Қамар сұлу», «Кім жазықты?».

Қазіргі кезде Павлодар қаласындағы білім ордасы – Павлодар мемлекеттік университеті С.Торайғыров атымен аталады. Сонымен қатар Павлодар қаласында Торайғыров көшесінде ақынға арналған ескерткіш бар. Баянауылда С.Торайғыров есімімен аталған «Торайғыр көлі» бар. Сол көлдің маңында Торайғыр ауылы бар.

С.Торайғыров 1914 жылы ел аралап жүріп, Павлодар маңындағы атақты шонжар Шорман ауылына түседі. Байлығына масаттанған Шорман ұрпақтарының ататегінің патша өкіметінен алған шен-шекпендерін, халықтың көз жасымен жиналған қазына-мүлкін көрсетіп, мақтаныш білдіреді. Мұнымен келіспеген ақын «Бір адамға» өлеңін шығарады.

1. Оқушылар «Бір адамға» өлеңін оқып, танысады.
2. Мазмұнын баяндайды.

3. Өлеңнен байдың қазына-мүлкінің қандай жолмен келгенін суреттеген жерлерін тауып оқиды.

4. Ақынның өмірдің мәні байлық емес екені айтқаны туралы жолдарды табады.

5. Ирония мен сатира туралы түсінік береді.

Жаңа сабақты түсінгенін тексеру:

Өтілген тақырып бойынша хронологялық кесте құру.

Жылдар	Негізгі оқиғалар	Оқиға ізімен туған шығармалар
1893	С.Торайғыров дүниеге келген жыл.	
1912	Тройцк қаласында медреседе оқыған жылы.	
1914	Павлодар маңының атақты шонжары Шорман ауылына келеді.	«Бір адамға»

Сұрақ-жауап:

1. С.Торайғыров қайда туды?
2. Кімнен білім алды?
3. Шығармаларының негізгі тақырыбы қандай?
4. С.Торайғыров жазған поэмалар мен романдарды атаңыздар.
5. Баяндауылдағы С.Торайғыров есімімен аталатын көлдің атауы қандай?
6. Лексикалық тапсырма.

Сөздер	Сол кездегі лексикалық мағынасы	Қазіргі кездегі мағынасы
Оқа		
Түйме		

Сылдырлақ		
Теңге		
Шекпен		

7. Сөздер қарама-қарсы мағынада, кекесін мағынасында қолдану қалай аталады? (ирония).

8. Көркем шығармаларда өмірдің, адамдардың жағымсыз жақтарын күлкі ете мысқылдай суреттеу қалай аталады? (сатира).

Бекіту:

Сонымен сабақты қорыта келіп С.Торайғыров кім? - деген сұрақ туындайды.

Қай өңірде дүниеге келді?

Қандай отбасында?

Қанша жыл өмір сүрді?

Осы сұрақтарға оқушылар жауап береді.

Мұғалімнің сөзі: оқушылар С.Торайғыров аз ғана ғұмырында артынан өшпес мұра қалдырды. Ақынның шығармаларында көтерген мәселелерін біздің қазіргі заманда да өзекті болып келеді.

Сабақтың соңында оқушыларға Инсерт кестесін толтыру ұсынылады.

«V» – білемін	«+» – білдім	«?» – білгім келеді

Үйге тапсырма беру.

Бағалау.



Т.МҰҚАШЕВА,
А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы
орта білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ҮШ БӘЙТЕРЕК

Максаты:	Ұлағатты адамдардың өмірімен, шығармашылық жолымен таныстыру, азаматтық тұлғасын таныту. Ауызша сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	
Күтілетін нәтижелер:	а) Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсінеді, сұрақтар құрастыра алады. ә) Сұрақтарға жауап бере алады, хронологиялық кесте құрып, талдай алады. б) Мәтін бойынша түсінгенін өз сөздерімен айта алады, өздігінен қорытынды шығара алады.	
Керекті жабдықтар:	1. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б. Майлиннің портреті, ақын жазушылардың шығармалар жинағы (кітапханада), техникалық құралдар (компьютер, ұялы телефон), түсті маркерлер, стикер, постер, бағалау фишкалары, рефлексия парағы.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	1. Ұйымдастыру. Амандасу. Тренинг. «Саңырау телефон» - шенберге тұрып, бір оқушының құлағына сөз айтамын, ол оқушы әрі қарай бұл сөзді басқаларына жеткізеді. 2. Топқа бөлу (қиық қағаздар арқылы)	1. Тренинг арқылы тілдерін жаттықтырады, бір – біріне сыйластықпен қарап, сабаққа кіріседі. 2. Оқушылар қиық қағаздарды тандап, Бейімбет, Сәкен, Ілияс ауылы болып топқа бөлінеді.
Тұсаукесер	1. Мұғалімнің кіріспе сөзі. Қазақ халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин қазақ әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосты.	1. Оқушылармен бірге шарамыздың мақсатын анықтау, әр тапсырмаға бағалау өлшемдерін құру, әр жұмысты талдап, бір-біріне бағалау фишкаларын ұсыну,

	<p>Олардың қаламынан Қазақстанның дарқан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс-әрекеттері, өмірге деген құштарлықтары, болашаққа үміт-сенімдері кеңінен көрінеді.</p> <p>«Үш бәйтерек» ұлттық сөз өнерін азаматтық бейне, беделімен де, қайраткер, қаламгерлігімен де биік белеске көтерді. Ұлт руханиятын даңқты туындыларымен, тақырып байлығымен, жанрлық кырларымен, көркемдік әлемімен байытты. Әдебиеттің «Үш бәйтерегі» өмірдегі өрнекті өнегелерімен халық жүрегіне жол тапты. (І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлиннің өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтермен компьютерден презентация арқылы таныстыру)</p>	<p>Әр топ бір-біріне сұрақтар қойып, жауап алу, әр жауапқа толық талдау жасау.</p>
Негізгі бөлім	<p>«Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі.</p> <p>1. Берілген ресурс бойынша жұмыстану. (берілген жұмыс түрлерін оқушылар белгілі уақыт ішінде өзара бөліп алып орындайды)</p> <p>2. Ресурс бойынша постер жасау, қорғау.</p>	<p>«Пилот және навигатор» әд.</p> <p>1. – ресурс мәтінімен танысу; – хронологиялық кесте құру; – сұрақтар құру; – мәтін бойынша қысқаша әңгімелеу.</p> <p>2. Екі тілек, бір ұсыныс әдісі бойынша бағалау.</p>
Қ о р ы - ты нды	<p>1. Викторина сұрақтарына жауап беру.</p> <p>1. Сәкен Сейфуллиннің шын аты? 2. Сәкеннің өмір сүрген жылдары? 3. Бейімбет Майлиннің шын аты? 4. Бейімбетті кім тәрбиеледі? 5. Ілияс Жансүгіровтің туған жері. 6. Ілияс Жансүгіров кімнің тәрбиесінде болды? 7. Ілияс Жансүгіровтің қай поэмасында Ақан сері өмірі бейнеленген? 8. Сәкеннің туған жері? 9. Бейімбет Майлиннің туған жері. 10. Сәкеннің әдеби қызметінің жиырма жылдығы қай жылы тойланды? 11. Қазақтың үш бәйтерегін ата 12. Оларды неге үш бәйтерек деп атаған? 2. Мұғалімнің қорытынды сөзі. 3. Рефлексия парағын толтыру.</p>	<p>1. Әр дұрыс жауапқа фишка алып отырады.</p> <p>(Садуақас) (1894-1938) (Бимағамбет) (шешесі) (Алматы облысы, Ақсу ауданы) (әкесінің) (Құлагер)</p> <p>(Ақмола облысы) (Қостанай уезі) (1936)</p> <p>(Сәкен, Ілияс, Бейімбет).</p> <p>3. Рефлексия парағы (Нені білемін? Нені білгім келеді? Нені білдім?)</p>

	<p>4. Фишкалары бойынша бағалау.</p> <p>5. Практикалық бөлім. (мектеп кітапханасына саяхат) Мектеп кітапханашысына сөз беріледі. Сәкеннің әнін тыңдау және шырқау.</p>	<p>4. Әр оқушы фишкаларын санап, бағаларын алады.</p> <p>5. Үш бәйтеректің шығармашылығымен танысып, шығармаларынан үзінділер оқыды.</p>
--	--	--

Шараның өзіндік талдауы.

Сыныптан тыс шара жақсы өтті деп ойлаймын, өйткені жоспарлаған тапсырмалардың барлығы орындалып, оқушылар белсене қатысып, өз білімдерін тиісті деңгейде көрсете білді. Мақсатына жетті. Күтілетін нәтижеде көрсетілгендей, А,В,С деңгейіндегі оқушылар берілген тапсырмаларды орындай алды. Ресурс бойынша бір – біріне түсіндіріп, талдап, жұмыс түрлерін бөліп алды (топта отырған оқушылар «Пилот және навигатор» әдісі бойынша қазақ оқушылары өзге ұлт өкілдеріне екі тілде түсіндіріп отырды, сондықтан олар толық түсініп алды).

Сабақ барысында қолданылған модульдер: «Оқыту мен оқуда АКТ-ды пайдалану» модулі бойынша компьютерді тұсаукесер бөлімінде ой толғауға арналған презентация, суреттер көрсету үшін қолландым; «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулі бойынша постер жасау, оны қорғау, «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулі бойынша оқушылар бір – бірімен пікірлесіп, жақсы нәтиже көрсетті; «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі бойынша фишка, рефлексия парағы, екі тілек, бір ұсыныс әдісі бойынша өзара, өзін – өзі бағалау жүріп тұрды.



ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

Мақсаты: білімділігі-студенттердің Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы білімдерін тексеру, дамыту. Ақын өлеңдерінің идеясын ашу, рухани-адамгершілік қағидаларымен танысу, өлеңдерін нақышына келтіре жатқа оқи отырып, негізгі түйінді таба білуге дағдыландыру; дамытушылығы-студенттер бойында ой еркіндігін қалыптастыру. Қысқаша мазмұндату арқылы тіл дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Бағыт-бағдар бере отырып, өздігінен жұмыс істеуге, іздену барысында шапшаңдық танытуға, өздігінен қорытынды шығаруға машықтандыру; тәрбиелігі-Шәкәрімнің өлеңдері арқылы оқушылардың рухани байлығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, жаман мінезден аулақ болу, адами сезімді қастерлеу, сүйіспеншілікке, ішкі рухани тазалыққа үйрету.

Оқыту әдістері: модульдік оқыту технологиясы арқылы ой тастау, ой талқы. Оқыту түрі: дәстүрлі емес.

Пәнаралық байланысы: тарих, орыс тілі.

Оқыту құралдары: интербелсенді тақта, ноутбуктер, планшеттер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Бейне-жазба.
- 2 Электронды оқулық.
- 3 «Қазақ әдебиеті» 10 сынып,- А., «Мектеп», 2006 жыл.
- 4 «Қазақ әдебиеті» 10 сынып, С.Қирабаев, Ү.Асыл

-А., «Мектеп» баспасы, 2006 жыл.

5 «Шәкәрім», Қазақ айнасы - Алматы- «Атамұра»
2003 жыл

Сабақ жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі.(3 мин.)
2. Үй тапсырмасын сұрау.(5 мин.)
3. Жаңа сабақ-1-бөлім бейне-көрініс (7 мин.)
- 2-бөлім (15 мин.)
4. Тест жұмысы
- 3-бөлім (15 мин.)
5. Поэмаларын талдау (10 мин.)
6. Сұрақ- жауап әдісі (10 мин.)
7. Шәкәрім әндері (10 мин.)
8. Шәкәрім- аудармашы (10 мин.)
9. Бағалау – (3 мин.)
10. Үй тапсырмасы – (2 мин.)

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

-амандасу;

-студенттердің қатысуын түгелдеу және аудиторияның дайындығын тексеру.

II. Үйге берілген тапсырма: Абай Құнанбайұлы өлеңдері. Сұрақ қоя отырып, жаңа сабақпен байланыстыру.

III. Жаңа сабақ барысы.

Оқытушының сөзі. Студенттер назарын жаңа сабаққа аудару мақсатында интербелсенді тақтадан филология ғылымдарының кандидаты, доцент Самал Дәрібаевтың бейне жазбасы көрсетіледі. Студенттер Шәкәрім өлеңдерін жатқа оқиды.

1-бөлім. Шәкәрім-лирик. Өлеңдерін жатқа оқу.

2-бөлім. Тест тапсырмалары. Ноутбукпен жұмыс.

3-бөлім. Поэмаларын талдау.

4-бөлім. Сұрақ-жауап. Планшетпен жұмыс.

5-бөлім. Шәкәрім-сазгер. Әндері.

6-бөлім. Шәкәрім-аудармашы.

Студенттер Шәкәрім өлеңдерін жатқа оқиды. Өлеңдерін және Абай өлеңдеріне ұқсатып жазған өлеңдері, өмірі жайлы тест сұрақтары беріледі.

2-бөлім. Тест тапсырмалары. Ноутбукпен жұмыс.

1-нұсқа.

1. Шәкәрім қай жылы дүниеге келген?

А) 1861 жылы;

Ә) 1858 жылы;

Б) 1856 жылы.

2. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың қай әйелінен туды?

А) Күңке;

Ә) Әйгерім;

Б) Ұлжан.

3. Қалқаман-Мамыр қай жылы жазылған?

А) 1881 жылы;

Ә) 1882 жылы;

Б) 1885 жылы.

4. «Құдай неге қылмаған адамды тақ,

Балаларын өзінен өстіріп-ақ.

Хауаны жаратудан мақсұты –не,

Сол арасын білуге ақылым шақ» Шәкәрімнің қай поэмасынан алынған үзінді?

А) Еңлік-Кебек;

Ә) Қалқаман-Мамыр;

Б) Нартайлақ пен Айсұлу.

5. «Ажалың биік қабақ сұлу қыздан,

Батырым ондай қызға көңіл бөлме.

Бұл сөзді өз ойымнан айтпаймын құр,

Жын шіркін осылай деп айтқызып тұр.

Қара жартас түбінде кез келеді,

Шырағым сондай қыздан сақтанып жүр»

Абыз бұл батаны кімге берді?

А) Қодар;

Ә) Нартайлақ;

Б) Кебек.

6. Мәжнүннің шын есімі кім?

А) Байжігіт;

Ә) Қайыс;

Б) Ақан.

7. «Мәжнүн» деп не себептен атаған?

А) өте ақылды;

Ә) адал;

Б) жынды.

8. Шәкәрім Фәзулидің қай поэмасын аударған?

А) Нартайлақ пен Айсұлу;

Ә) Қодардың өлімі;

Б) Ләйлі –Мәжнүн.

9. Еңлік-Кебек қай жылы жарық көрді?

А) 1910 жылы;

Ә) 1911 жылы;

Б) 1912 жылы.

10. Шәкәрім Абайдың тікелей тапсырысымен қай дастанды жазды?

А) Әділ-Мәрия;

Ә) Нартайлақ пен Айсұлу;

Б) Еңлік-Кебек.

2-нұсқа

1. Әділ-Мәрия атты роман қай жылы жарық көрді?

А) 1920 жылы;

Ә) 1925 жылы;

Б) 1930 жылы.

2. Шәкәрім өзін кімнің шәкіртімін деп санаған?

- А) Абай Құнанбайұлы;
 Ә) А.С.Пушкин;
 Б) Л.Толстой.
3. «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Түрік, Қырғыз, Қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбектерін қай салаға жатқызуға болады?
 А) лирика;
 Ә) философия;
 Б) трагедия.
4. Мамырды атқан адам кім?
 А) Қалқаман;
 Ә) Көкенай;
 Б) Мәмбетей.
5. Мамырдың әкесі кім?
 А) Нартай;
 Ә) Мәмбетей;
 Б) Көкенай.
6. «Әй жұртым, мен өлемін сендер қалдың, Орнына бауыздадың айтқан малдың. Өз бауырын оққа өлтірді деп Қалыңдар обалына мына шалдың Қош, баба, бата бер!- деп түрегелді А, Құдай, сақтай гөр...! деп бата берді. Жөнелді күрең атпен сырылдатып. Ансалға көпе-көрнеу байлап белді,» қай батырдың қоштасуы?
 А) Нартай;
 Ә) Қодар;
 Б) Қалқаман.
7. «Жаны ашып келе қалды бұған жәрдем Қиналғаны ұнайды онан арман Қу ағаштай сіресіп қалған кезде Өлді ғой деп босатып алды дардан» бұл қай

- поэмадан үзінді?
 А) Қодардың өлімі;
 Ә) Ләйлі-Мәжнүн;
 Б) Нартайлақ пен Айсұлу.
8. Шәкәрім қай жылы қажылыққа сапар шекті?
 А) 1903 жылы;
 Ә) 1904 жылы;
 Б) 1905 жылы.
9. «Мұсылмандық шежіресі» атты еңбегін қай жылы жазды?
 А) 1911 жылы;
 Ә) 1912 жылы;
 Б) 1913 жылы.
10. 1978 жылы Ленинградта қандай жинақта Шәкәрімнің бірқатар өлеңдері орыс тілінде басылып шықты?
 А) «Поэты Казахстана»;
 Ә) «Казахстан»;
 Б) «Правда».
- Тест тапсырмалары орындалып болған соң, дұрыс жауаптардың пайызы көрсетіліп, бағасы шығарылады.
- Шәкәрім Құдайбердіұлының поэмалары талданады. Сұрақ қою арқылы «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларының негізгі идеясын ашу. Поэмадағы қыздар және жігіттер бейнесін салыстыра отырып мінездеме беру. Мамыр, Еңлік, Ләйлі бейнелері, өр мінезді қазақ қыздарының бейнесін ашу. Поэмаға өзекті болған махаббат тақырыбы қалай аяқталып, қалай өрбиді, мәнін ашу. Махаббаттары үшін құрбан болған Қалқаман, Кебек, Мәжнүн бейнелері. Шәкәрім поэмалары жайлы сұрақ-жауаптар алынады.
- 4-бөлім. Сұрақ-жауап. Планшетпен жұмыс.
1. Шәкәрім қай жерде және қай жылы дүниеге

келген?

(Семей қаласы, Абай ауданы Шыңғыстау бөктерінде 1858 жылы)

2. Шәкәрім Абайға кім болып келеді? (Құдаберді Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден туған, сонда Шәкәрім Абайға немере іні болып келеді)

3. Шәкәрім әкесі қайтыс болған соң кімнің тәрбиесінде болған? (Құнанбайдың)

4. 1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан Шәкәрімнің қандай шығармалары басылды? («Қалқаман – Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Қазақ айнасы», «Үш анық», т.б.)

5. Шәкәрім әндерін алғаш рет нотаға түсірген кім? (Голландық Альвин Эрнестович Бимбоэс)

6. Н.Ф.Финдейзеннің мақаласында не жазылған? (1926 жылы Н.Ф.Финдейзеннің «Музыкалық этнографиясында» қазақтың жиырма бес әнінің нотасы басылды)

7. Шәкәрім қай жылы қажылық сапар шекті? (1905 жылы)

8. «Шәкәрім-Абайдың ақындық мектебінің ірі өкілі» деп кім айтқан? (Мұхтар Әуезов)

9. Шәкәрім қандай тілдерді жетік білген? (Орыс, түрік, парсы, араб тілдерін)

10. Шәкәрім әндері қай баспалардан жарық көрді? («Жалын», «Жазушы», «Өнер» баспаларынан)

11. Шыңғыстауда Шақпақ деген жерде өмір сүрген жылдары? (1909-1910 жылдары)

12. Шәкәрім қай жылы дүниеден озды? (1931 жылы жазықсыз ату жазасына кесілген)

13. Шәкәрім қай жылы «Жазықсыз» деп ақталды? (1958 жылы СССР прокуратурасы оны жазықсыз деп таныды)

14. Ақынның ең алғашқы өлеңі қашан жарық көрді? (1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде)

Студенттер дұрыс жауаптарын дәптерге белгілеп, уақыт өткен соң сұрақты оқып, жауап береді.

5-бөлім. Шәкәрім- сазгер. Әндері.

Электронды оқулықтан Шәкәрім әндерінен үзінді тыңдалады. Студенттер қай ән айтылып жатқандығын табады. Шәкәрім әндері жайлы мағлұмат бере отырып, оның орындаушылары жайлы атап өту. Интербелсенді тақтада Шәкәрім әндері туралы қысқаша шолу көрсетіліп, сұрақтар беріледі.

1. «Ән өлшеуіш, өлең күміс,

Қоспаңыз мыс аралас.

Артық елу, не кем салу,

Әрпі қалу жарамас”- қай әннен алынған үзінді?

(«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді»)

2. Шәкәрім әндерін иін қандырып орындайтын әншілер кімдер? (Әбдіғали Алдажаров, Рақымжан Мамырқазов, Есбай Бекқожин, Жебрайыл Тұрағұлов, Тамара Асар, т.б.)

3. Шәкәрім әндерін алғаш нотаға түсірген кім?

(Голландық Альвин Эрнестович Бимбоэс)

4. Шәкәрім ең алғаш қай жасынан бастап өлең шығарды? (14-15 жасынан)

5. Шәкәрімнің «Жиырма үш жасымда», «Жылым-қой, жұлдызым-июль», «Қорқыттың сарыны», «Қорқыт, Хожа Хафиз түсіме енді де», «Анадан алғаш туғанда», «Сұраған жанға сәлем айт», «Ойладым бір сөз жазайын да», «Мұтылғанның өмірі», «Сен ғылымға болсаң ынтық», «Көңіл», «Байғазы» әндерін нотаға түсірген кім? (Ақан Серікбаев)

6. Н.Ф.Финдейзеннің «Музыкалық этнография» жинағында Шәкәрімнің қандай әндері жарық көрді?

(№1 Шакарим, №2 Шакарим)

Шәкәрім-аудармашы. Шәкәрімнің А.Пушкиннен, Эрнст Стоуннан, Физулиден аударған шығармаларын салыстыра отырып, талдау. Студенттер сондай-ақ бір-бірлеріне сұрақ қойып, жауап алысады.

Қорытынды түйін: Ұсыныс. Шәкәрімнің 30 жыл бойы жатқан құдығы, кесенесі, еңбектері жайлы айтып, сабақты қорытындылау.

Бағалау студенттердің жауап беруіне қарай және тест жауаптарына сәйкес қорытынды бағалау.

VI. Үйге тапсырма: «Шәкәрім-ұлы ойшыл» тақырыбына



Ақылдың кені

Оқып үйренбесең, өнерге де, даналыққа да қолың жетпейді.

Демокрит.

Білу ғана аз, сол білгеніңді істе қолдана білу керек.

И.Гете.

Адамның шын мәнісіндегі нағыз артықшылығы ғылымда.

И.Гете.

*Қажетті керексізден кесіп тастар,
Ғалымдар тура жолға елді бастар.*

Жүсіп Баласағұни.

*Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл.*

Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Білім негізі - бастауышта

М.ИБРАИМОВА,
«Ғабит Мүсірепов атындағы
№ 43 орта мектеп» КММ,
Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы

АСТАНА – БАС ҚАЛА

Мақсаты: Астана туралы жан-жақты білімдерін кеңейту. Міндеттері: білімділік - тақырыпқа байланысты өз ойларын айта білуге үйрету, алған білімдерін тапсырмалар арқылы бекіту; дамытушылық - алған білімдерін толықтырып, оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту; тәрбиелік - Отанға деген сүйспеншілік рухын, астанамызды сүйуге тәрбиелеу.

Түрі: саяхат сабақ.

Әдіс-тәсілдері: интерактивті оқыту әдісі, баяндау, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, тапсырмалар.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, постер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: психологиялық дайындық.

- Сәлемдесу.

- Балалар, бүгінгі күн қандай тамаша! Бәріміз ортаға шығып, шаттық шеңберін құрып, бір-бірімізге жылы лебіздер білдірейік.

Амансың ба, алтын Күн!

Амансың ба, көк Аспан!

Амансың ба, Жер – Ана!

Амансың ба, достарым!

Сіздерді көрсем қуанам!

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Ғажайып қоржын» ойыны арқылы өтілген тақырыптарға шолу жасау, пысықтау.

«Ғажайып қоржын»

1. Сенің Отаның қай ел?

2. Қазақстан қандай мемлекет?

3. Қазақстанның астанасы болған қалаларды аташы?

4. Қазақстан Республикасының рәміздеріне нелер жатады?

5. Тудың авторы кім?

6. Қазақ халқы қандай халық?

2. Сыныпты топқа бөлу. Суреттер арқылы бөлу.

1-топ. «Бәйтерек»

2-топ. «Думан»

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Миға шабуыл.

Ал қазір мына бейнекөріністі көрейік. (Астана қаласының көрікті жерлерінің суреттерімен презентация)

- Бейнекөрініс не туралы?

- Астана қаласы туралы.

- Ендеше, балалар, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай?

- Сабағымыздың тақырыбы: Астана- бас қала.

- Сендер Астана қаласына саяхат жасағыларың келеді ме?

- Иә.

- Ендеше, бәріміз бірге Астана қаласына саяхат жасайық. Балалар, сендер бейне клипте Астананың қандай көрікті жерлерін көрдіңдер?

Бүгін сабақта Астана қаласымен танысып, қала

туралы мәліметтер аламыз. Астананың көрікті жерлерін аралаймыз. Оларға кіру үшін біз әр түрлі тапсырмалар орындауымыз керек.

- Ең алдымен аялдайтын бекетіміз-«Бәйтерек» кешені. Ол өте биік, зәулім және әдемі. Онда құрыштан жасалған бес саусақтың ізі бар. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қолын қойып, тілек тілеген. Не деп ойлайсыңдар? Не тіледі екен? Әрине, еліне амандық, тыныштық, бақыт тілеген.

Бұл кешенге кіру үшін біз мына тапсырманы орындауымыз керек.

III. Негізгі кезең.

Мәтінмен жұмыс: мәнерлеп оқу. 42-бет, 4-сынып оқулығы.

Мәтінмен жұмыс істемес бұрын жаңа сөздермен танысайық.

Сөздік жұмысы:

Президент сарайы – Дворец Президента;

қонақ үй – гостиница;

Жастар сарайы – Дворец молодёжи;

саяси – экономикалық – политико – экономический; мәдени – культурный.

IV. Мұғалім: -Астана қаласында демалатын орындар өте көп екен. Келесі көрікті жерлерінің бірі – «Думан» ойын-сауық кешені – күмбезді кеңістік, океонариум, кинозалдар бар.

Бұл ойын-сауық кешеніне кіру үшін біз алдымен мына тапсырманы орындайық:

1-топ «Астана» тақырыбына постер жасайды.

2-топ «Астана» тақырыбына диалог құрады.

V. Сергіту: интерактивті тақтаға қарап, би, музыка арқылы сергіту сәтін өткізу.

6-слайд.

VI. Мұғалім: -Балалар, мына әдемі фонтанды (бұрқақты) көрдіңдер ме?

Ол әуенді фонтан деп аталады. Оны жақынырақ барып көру үшін келесі тапсырманы орындаймыз.

Жазылым -дәптермен жұмыс:

Дәптерлерінді ашып, бүгінгі күнді жазыңдар.

Қазақ тіліне аудару.

1-топ. В Казахстане много больших красивых городов. В Астане есть музеи, театры, институты.

2-топ. Улицы Астаны широкие, прямые. Астана-столица Казахстана.

- Жарайсыңдар, балалар.

Көптік жалғауының таблицасы.

VII. Келесі бекетіміз-«Хан шатыры» кешені.

Бес жолды өлең құрастыру. Сонан соң әр топтың көшбасшысы шығып қорғайды.

- 1) 1 зат есім.
- 2) 2 сын есім.
- 3) 3 етістік.
- 4) 4 сөзді сөйлем.
- 5) синонимін табу.

Бағалау.

VIII. Сабақты қорытындылау. Сабағымызды «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны арқылы бекітеміз. Ол үшін мына тапсырманы орындайық.

1. Астана – болашағы үлкен қала. (...).
2. Астана Ертіс жағасында орналасқан. (...).
3. Астананың символы – Бәйтерек монументі.(...).
4. Астана Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан. (...).
5. Астана – мемлекеттің саяси-экономикалық, мәдени орталығы. (...).

IX. Қорытынды бағалау. Мұғалім сабаққа жақсы қатысқан балаларды бағалайды.

Үйге: «Астана» туралы тұсаукесер жасау.

- Ал, енді, балалар, осы әсем, көркем, бас қала -Астанамызға жылы лебізімізді білдірейік. Мына таратылған стикерлерге тілектеріңді жазып, мәуелі ағашқа іліңіздер.



А.СЫЗДЫҚОВА,

№16 лицей-мектептің мұғалімі.

Павлодар қаласы

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ

(4-сынып)

Мақсаты: 1.Тақырыпқа байланысты жаңа сөздер меңгеру. Сол сөздермен сөз тіркестер, сөйлемдер құрастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету.

2. Сөздік қорларын байыту, ауызекі сөйлеу қабілеттерін арттыру.

3. Табиғатты аялауға, ұйымшылдыққа баулу.

Күтетін нәтиже:

- сұрақтарды құрастырып және сұрақтар қоя аламын;
- талқылап және басқаларды бағалай аламын;
- оқу үдерісін түсінемін, тиянақтаймын.

Өлшемдері: мен оқу материалды оқып және талқылай аламын.

Мен жаңа сөздермен жұмыс істей аламын.

Мен алған білімімді тәжірибеде қолдана аламын.

Кезең	Уақыт	Оқушының әрекеті	Мұғалімнің әрекеті
-------	-------	------------------	--------------------

Ұйым.	2 мин.	Оқушылар 111,222,333 арқылы топқа бөлінеді. Ынтымақтастық ортасын қалыптастыру. Оқушылар бір-бірін қолдарымен ұстап, сәттілік тілейді. «Миға шабуыл» стратегиясы арқылы оқушылар сұрақтарға жауап береді. -Жылдың қай мезгілі? -Қыста қандай өзгерістер болады? Оқушылар бағалау парағы арқылы өздерін жұлдызбен бағалайды.	Псих.жайлы жағдайды ұйымдаструға көмектесемін.
	5 мин.	Үй жұмысы:1.189 бет. «Керік» диалог айту. - Керік қандай жануар? (жабайы жануар) - қандай тағы жануарлар білесіңдер? - үй жануарлар болады?	Сабак бойы оқушылардың жұмыс істегенің байқаймын және көмектесемін.
	3 мин.	2-тапсырма: АКТ арқылы оқушыларға жануарлардың дыбыстарын тыңдатқызу. Сұрақ қою. - Мынау қандай жануар? - Бұл жануарларды бір сөзбен қалай айтамыз?	Оқушылардың бір-бірін дұрыс бағалағаның байқаймын.
	3 мин.	Оқушылар өздігімен жаңа тақырыпқа шығып, сабақтың мақсатын тұжырымдайды. 3-тапсырма: 1.Сөздік жұмысы: жасайды-делают; қызмет етеді-служат; береді-дают; көлік –транспорт; төрт түлік мал-четыре вида домашнего скота; атайды-называют; жүн-шерсть; тері-шкура.	Т ж/е Д оқушыларды қадағалаймын.
	7 мин.	2. «Қарлы кесек» стратегиясы арқылы сөз тіркестер,сөйлемдер құрастырады. 3. Мәтінмен жұмыс.107-бет. - мұғалім мәтінді оқиды. - мәтінді оқып, аудару. - сұрақтарға жауап беру. (рефлексия) Топтық жұмыс №4.. 1,2,3-топ.	Оқушыларға «Қарлы кесек» стратегиясын еске түсіремін.

	2 мин.	1,2,3-топ. «Қарлы кесек» деген стратегия арқылы топтық жұмыс ұйымдастырады. 1 топ. Диалог құрастыру.(көрініс) 2-топ.Сурет бойынша сөйлемдер құрастыру. 3-топ. Сөз тіркестерді келтіріп, сөйлемдер құрастыру. 1.Сиыр, жылқы, түйе, қой- төрт түлік мал. 2.Жылқының сүтінен –қымыз жасайды. 3.Түйенің сүтінен- шұбат жасайды. 4.Қой- жүн және ет береді. Бағалау: «Екі жұлдыз,бір тілек» Кері байланыс. 4-тапсырма: тест. 1. Үй жануарларын белгіле: а)жерік; ә)сиыр; б)қасқыр. 2.Түйе не береді. а) шұбат; ә)қымыз; б)сүт. 3. Төрт түлік малды белгіле: а)қой, сиыр, жылқы, қоян; ә)қой, сиыр, жылқы, түйе; б)қой, сиыр, жылқы, жолбарыс. 4.Сиырдың төлін белгіле: а)құлын; ә)лақ; б)бұзау. 5.Сөйлемді жалғастыр: Түйе- а)малдың сүтісі; ә)малдың үркегі; б)малдың үлкені. Оқушылар бір-бірін бағалайды. 5-тапсырма: «Бес жол» өлең құрастыру. 1-топ <i>сиыр</i> сөзіне. 2-топ <i>түйе</i> сөзіне. 3-топ <i>қой</i> сөзіне. 6-тапсырма: Қорытынды -үй жануарлары адамға не береді? -қандай пайда әкеледі? -бұл жануарларды адамдар төрт түлік мал деп атайды. Себебі адамға әкелетін пайдасы көп. Жесе-тамақ, ішсе –сусын, жүрсе-көлік. Рефлексия: - түсіндім; - жартылай түсіндім; - түсінбедім.	Сабак бойы оқушыларды мадақтаймын
	3 мин.	3 мин.	
	3 мин.	3 мин.	
	6 мин.	6 мин.	Сабактың соңында рефлексия жасауға көмектесемін
	4 мин.	4 мин.	Үй тапсырмасын түсіндіремін.

А.ЖАУКЕНОВА,
№ 17 жалпы орта
білім беретін мектебі.
Орал қаласы

ИНТЕРНЕТ МАҒАН НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Мақсаты: а) тақырып бойынша өтілген материалмен байланыстыра отырып, ондағы жаңа сөздерді меңгерту, «БИС» технология бойынша «Ауызша-1 сабақ» өткізу; ә) ауызекі сөйлеу, еркін сөйлеу, есте сақтау тыңдау, дағдыларын дамыту; б) уақытты үнемдеуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, отырған орындар бойынша сұрақ-жауап (МППМ)

Пәнаралық байланыс: орыс тілі.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру бөлімі:

А) Сәлемдесу.

Ә) Кезекшімен сұхбат.

Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

- Балалар, бүгін біз сабағымызды «БИС» технология бойынша өткіземіз, сендердің жауаптарың мына отырған орындар бойынша бағаланып, дұрыс жауаптарың (+), ал бұрыс жауаптарың (-) деген таңбалар қойылады, сондықтан сабаққа белсенді қатысуларыңды сұраймын. Балалар, өткен сабақтың тақырыбы: «Интернет маған не үшін

керек?», ал грамматикасы – «Есімше мен көсемшені қайталау»

А	Б	В	С	Д	Е
+		+			
	-				
-					

1. «Грамматика» тақырыбы бойынша сұрақ-жауап:
1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
2. Қазақ тілінде неше септік бар?
3. Есімше дегеніміз не?
4. Есімшенің жұрнақтарын ата.
5. Есімшенің есімдерше түрленуі.
6. «Айт» деген сөзді есімшеге айналдыр.
7. «Көрген» деген сөзді барыс септікке айналдыр.
8. «Жаз» деген сөзді есімшенің болымсыз түріне айналдыр.
9. «Болғаның» есімшенің қай тұлғасы?
10. «Келерде» есімшенің қай тұлғасы?
11. «Барарға» есімшенің қай тұлғасы?
12. Көсемше дегеніміз не?
13. Көсемшенің жұрнақтарын ата.
14. Қай септік үндестік заңына бағынбайды?
15. «Барыпсыз» қай тұлғада тұрған сөз?
16. «Жазыпты» қай тұлғада тұрған сөз?
17. «Күл» деген сөзді көсемшеге айналдыр.
18. «Ойнапсындар» қай тұлғада тұрған сөз?
19. «Сөйлеппін» қай тұлғада тұрған сөз?

2. Лексикалық тақырыбымыз: «Интернет маған не үшін керек?»

II. Жаңа сабақ:

1. Жаңа сөздермен таныстыру. (Интерактивтік тақтада жазылған сөздер)

Қабылдау

Сапар шегу

Не үшін

Әлем

Жаңалықтар

Тапсырыс

2. Жаңа сөздермен сөз тіркестер құру.

Тақтада сөздер жазылады. Сол сөздерді естеріне сақтап, 30 секунд ішінде, орындарын ауыстырмай жазу керек 6-7 сөз болуы тиіс, оқушылар дәптерлерін қасында отырған оқушымен алмастырып неше сөз жазғанын айтады. Мысалы: А-6 сөз. Сонда ғана ООБ-ша (+) қойылады, ал егер 6-дан кем болса (-) қойылады.

IV. Мәтінмен жұмыс: (оқушыларға мәтінді оқуға 5 минут уақыт беріледі)

V. Кесте бойынша сұрақ-жауап:

1. Сенде үйде компьютер бар ма?

2. Компьютерің интернетке қосылған ба?

3. Интернет қашан және қайда пайда болған?

4. Интернет құрамына нелер кіреді? (WWW, электронды пошта, файлдар)

5. Электронды пошта қашан пайда болды? (1965 жылы)

6. Электронды поштаның ерекшелігі?

7. Бізге интернет не үшін керек? (Дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде болу үшін)

8. Нелерді қабылдау үшін керек? (хабарламаны, құжаттарды)

9. Әлемде болып жатқан нелерді білу үшін? (хабарларды)

10. Нелерді жіберу, қабылдау үшін керек? (фото, аудио, бейнематериалдар)

11. Кімдермен хабарласу үшін? (Достар, туған туысқан)

12. Күн сайын не туралы хабардар болу үшін? (ауа райы)

13. Нелерге тапсырыс беруге болады? (сапар шегуге, қонақ үйге)

14. Интернет арқылы интернет жүйесіне қосылуға бола ма? (Иә)

15. Ұялы телефон арқылы интернетке қосылу үшін не керек? (Модем)

16. Одан басқа не қажет? (Bluetooth, бағдарламалық жасақтама)

17. Компьютерге отырғанда неше минут сайын көзге жаттығу жасау керек? (20-25 минут)

18. Көз бен компьютердің ара қашықтығы неше см болу керек? (60-70см)

19. Көзді сақтау үшін қандай гүл қою керек? (кактус)

VI. Сыни-тұрғылық сауалнама

1. Қазақ тілінде 5 септік бар. (7)

2. Сөз таптары «падежи» деп аударылады (часть речи)

3. «Көрген» деген сөз көсемше. (есімше)

4. «Жаз» деген есімшенің болымсыз түрі. (болымды түрі)

5. «Болғаның» ілік септігінде тұрған сөз. (тәуелдік жалғау, 2 жағы)

6. «Барарға» жатыс септікте тұрған сөз. (барыс септік)

7. «Бармаған» есімшенің болымды түрі. (болымсыз түрі)

8. «Барыпсыз» 1 жақта тұрған сөз. (2 жақ, сыпайы түрі)
 9. «Ол жазыпты» 1 жақта тұрған сөз. (3 жақта тұрған сөз)
 10. «Күліп» деген сөз есімше (көсемше)
 11. «Көргенім» жіктеулі сөз. (тәуелденген)
 12. «Сөйлеппін» септеулі сөз. (жіктеулі)
 13. «Мен біліпсің» (Сен біліпсің)
 14. «Көргеннен» барыс септікте тұрған сөз. (шығыс септік)
 15. «Білместің» жатыс септікте тұрған сөз. (ілік септік)
 16. «Баратынды» жатыс септікте тұрған сөз. (табыс септік)
 17. «Келгенге» ілік септікте тұрған сөз. (барыс септік)
 18. «Көсемше» «имя прилагательное» деп аударылады.
 19. «есімше» «местоимение» деп аударылады.
 VII. Сөздік қоры: (48-50 сөз)

Ал, енді, балалар, кітаптарыңды жауып, бүгінгі сабағымызда қандай сөздер естеріңде қалды, соның барлығын дәптерлеріңе жазыңдар. 5 минут өткен соң оқушылар дәптерлерін ауыстырып, неше сөз жазғанын айтады.

Сабақтың соңында неше (+) және неше (-) алғандарын мұғалім оқушылармен санап, бағасын айтады.

- «5» -4,5
 «4»- 3
 «3»- 2
 «2»- 1



А.УКСУКБАЕВА,
№250 Т.Көмекбаев
атындағы мектеп-лицейі.
 Қызылорда облысы,
 Қармақшы ауданы

СЫН ЕСІМДІ ОҚЫТУ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға сын есім тақырыбын толық түсіндіру. Ой-өрісін дамыту, қабілеттерін арттыру мақсатында жаттығу жұмыстарын орындату. Оқушыларды еңбексүйгіштікке, алғырлыққа, білімділікке баулу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту.

Әдістері: түсіндіру, ассоциация, сұрақ-жауап, кім жылдам?

Көрнекілігі: интерактивті тақта, суреттер, кима қағаздар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу, түгелдеу.
2. Үй тапсырмасын тексеру.
3. Оқушылардың сабаққа даярлығын тексеру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Жаттығу жұмыстарын орындау.

III. Жаңа сабақ.

Сын есім

Сөздер мағынасына, сұрағына, атқаратын қызметіне қарай тоғыз топқа бөлініп, соның бір тобы зат есім деп аталса, келесі бір тобы сын есім деп аталады. Зат есім заттың, құбылыстың атын білдірсе, сын есім заттың, құбылыстың сын-сипатын, көлемін, түр-түсін, сапасын білдіреді.

Сын есімнің мынадай маңызды белгілері болады:

1. Заттың түрін, түсін білдіреді: *ақ қағаз, көк сия, қара костюм, сұр бұлт, құла бие.*

2. Заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді: *биік үй, кіші інісі.*

3. Заттың сапалық белгісін, сипатын білдіреді: *жақсы сөз, жаман ырым, сараң адам.*

4. Заттың дәміне, иісіне және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді: *ащы пияз, тұщы ас.*

5. Затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді: *тасты жер, балалы үй.*

Сын есім қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы, *жақсы бала, үлкен баласы.*

Заттың сынын, сипатын, түр-түсін, көлемін білдіріп, қандай? қай? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы сын есім деп аталады.

IV. Сабақты бекіту.

128- жаттығу.

Төмендегі сын есімді мағыналық жағынан байланысатын зат есімдермен тіркестіріп жазыңдар.

Үлгі: *салқын су, салқын ауа, салқын күз.*

Терең, әдемі, жеңіл, ұзын, қатты, ақ, жасыл, күрең, әдепті, сабырлы.

V. Қорытынды.

1. Сын есім дегеніміз не?

2. Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?

3. Сын есімге мысалдар келтіріңдер

VI. Үйге тапсырма: 127,131- жаттығулар.

VII. Бағалау.

Сабаққа белсене араласқан оқушыларды бағалау.

ДОСЫМНЫҢ ХОББИ

Мақсаты: оқушылардың достық қарым-қатынасын нығайтуға, достарын тани білуге, түсінуге үйрету, білімдерін қорытындылау.

Міндеттері: достық, сыйластық туралы мәлімет алып, түсінгенін әңгімелеп беруге қолдау көрсету.

Күтілетін нәтиже:

1. Достарының жақсы жақтары жайлы әңгіме құрастыра алады, құрастырған әңгімелерін бір-біріне түсіндіре біледі.

2. Мәтінмен жұмыс жасап, түсінгенін әңгімелей алады.

3. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, оны нақты қоя біледі, мәліметтермен танысады.

4. Топпен жұмыс жасап, өз ойларын айтып дәлелдеуді үйренді

5. Тақырыпқа байланысты грамматикалық тапсырмаларды орындай алады.

6. Тақырыпқа байланысты тест сұрақтарын құрай алады.

Көрнекі, техникалық құралдар: слайд, интерактивті тақта, бағалау парақшалары, түрлі бояулар, смайликтер қалташасы.

Сабақ барысы

Уақыты	Сабак кезеңдері. Жұмыс түрлерінің мазмұны	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
2 мин.	Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу Мотивация кезеңі:	Балалар «шаттық шеңберіне» тұрып сабақ алдында бір-біріне тілек білдіреді.

		Б а с ы м ы з д ы сипаймыз жақсы ойлау үшін, құлағымызды сипаймыз жақсы есту үшін, көзімізді сипаймыз жақсы көру үшін, алақанымызды сипаймыз жақсы баға алу үшін. Ал, балалар, сендерге бүгінгі сабаққа сәттілік тілеймін. «Шаттық шеңбері»	
2мин.	Топқа бөлу кезеңі	Мұғалім оқушыларды «гүлдердің суреттері арқылы» 3 топқа бөледі.	Оқушылар «гүлдердің суреттері арқылы» 3 топқа бөлінеді.
1мин.	Бағалау парағы	Мұғалім оқушыларға бағалау парағын таратады.	Оқушылар бағалау парағын толтырады
5 мин.	Үй тапсырмасы	Толымды сөйлем дегеніміз не? Мысал келтіріңдер. Атаулы сөйлем дегеніміз не? Мысал келтіріңдер.	Топпен үй тапсырмасын, жазған жазбаша тапсырманы оқып шығады
5 мин.	Жаңа тақырып Миға шабуыл	Дос, достық туралы не білеміз? Дос туралы мақал-мәтел айту. 1.«Доссыз адам тамыры жоқ ағашпен тең» 2. «Білімдімен дос болсаң, Сасқанда ақылын айтар.	Оқушылар топпен жаңа тақырыппен танысып, қойылған сұрақтарға жауаптарын айтады.
		Білімсізбен дос болсаң, Топ ішінде бетің қай-тар». 3. «Көп ақшаң болғанша, көп досың болсын». 4. «Досы жокпен сырлас, Досы көппен сыйлас».	
12 мин.	Топтық жұмыс	1топ. 1-тапсырма. 127-бет 1. Көсемшені тауып, түбір, қосымшасын ажырат: <i>Мен сендерді көшіріп әкетуге келдім.</i> 2-топ. 2-тапсырма.	

		127-бет. Көсемшені тауып, сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын анықта: Дұшпан күлдіріп айтады, Дос жылатып айтады. (Халық мақалы) 3-топ. 4-тапсырма. 127-бет. 1. Көсемшені тауып, түбір, қосымшасын ажырат: Қазақтар ертеден көшіп-қонып, мал шаруашылығымен айналысқан.	Оқушылар топпен өз тапсырмаларын орындап шығады, тірек сызба бойынша әңгіме құрап, сұраққа жауап дайындайды.
6 мин.	Дәптермен жұмыс.	«Дос» туралы тест сұрақтарын құрастыру 1. Менің досым..... а) сенімді; ә) қанатты; б) көрнекті. 2. Дос алтыннан да..... а) арзан; ә) тегін; б) қымбат. 3. «Достық» сөзінің аудармасын тап: а) дружный; ә) дружба; б) подруга.	Әр топ тест сұрақтарын құрастырып, жазып шығады. Жауабын тексеру: 1) а; 2) б; 3) ә; 4) б; 5) б.
		4. Жүз теңге болғанша,.... а) болмасын; ә) құс; б) жүз досың болсын. 5. Досың неше жаста? а) тоғыз; ә) сегіз; б) он.	
2мин.	Бағалау.	Білімдерін бағалатады.	Балалар өз бағасын қойып, бағалайды.
1 мин.	Үй тапсырмасы.	«Досымның хоббиі» тақырыбына бес жол өлең құрастыру.	Балалар күнделікке үй тапсырмасын жазып алады.
4мин.	Кері байланыс.	«Смайликтер қалташасы» Түрлі-түсті қағаздар таратады.	Тілектерін қағазға жазып, тақтаға жабыстырады.

Р.ЖАҚСЫҒҰЛОВА,
№ 21 жалпы орта білім
беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН ЖОСПАРЛАУ

Отбасы бюджеті – бұл бір отбасының белгілі бір уақытқа жоспарлаған кірісі мен шығысы.

Отбасы бюджетін құру үйге келген ортақ ақшаны дұрыс жұмсауға көмектеседі. Негізгі табыс – ол сендердің ата-аналарыңның бір айдағы еңбекақысы, сол ақша отбасы мүшелерінің бәріне жұмсалады. Тіпті әлі еңбектеніп, еңбекақы алмайтын сендер де сол ақшаға ортақсындар. Үйдегі отбасы мүшелеріне қажетті дүние ата-аналарыңның ақшасына алынады.

Отбасы бюджетін жоспарлау – өте маңызды іс. Бұл жоспар арқылы түскен қаржыны дұрыс жұмсауды үйренеміз. Отбасы бюджетін қалай жүргізу керек? Мысалы, үйлеріңе ата-аналарыңнан тұрақты табыс түсіп тұрады делік. Сонымен қатар қосымша табыс сыйақы ретінде келеді делік. Және де өткен айдан қалған қаржы бар деп те есептейік. Осының барлығын қосқан кезде отбасы бюджеті шығады. Отбасы бюджетінің барлық табысын есептеп болғаннан кейін міндетті түрде шығынды қарастырған жөн. Ақшаның қай бөлігін, қай жерге және қалай жұмсау керектігін анықтау керек.

Шығынды үш түрге бөлуге болады. Мысалы, тұрақты шығын, мұнда шығынның мөлшері

өзгермейді және ол тұрақты түрде жұмсалып тұрады. Тұрақты шығынға азық-түлік, коммуналдық төлемдер, үйге қажетті керек-жарақтар, дәрі-дәрмек, дәрігерге қаралу, туған-туысқанға көмек пен қоғамдық көлікке жұмсалатын қаржыны жатқызуға болады. Сонымен қатар құбылмалы шығыс түрі бар. Ол түрлі нәрселерге байланысты. Құбылмалы шығын немесе шығыс түріне киім-кешек пен ойын-сауықтарды жатқызуға болады және күтпеген жерден пайда болатын шығын түрін де ескерген жөн. Мәтінмен жұмыс.

1. Мәтінді түсініп оқындар.
2. Мәтін бойынша жоспар құраңдар.
3. Мәтін бойынша диалог құрастырыңдар.

1. Айтылым. Төмендегі ойтүрткілерді пайдаланып, өз ойларыңды ортаға салыңдар.



Тірек сөздер:
Отбасы бюджеті
Кіріс
Шығыс

Қаржы
Жоспарлау

Тұрақты шығын

Құбылмалы шығын

Тапсырма: Берілген жаңа сөздерді оқыңдар, сөз тіркесін құраңдар. Мәтіннен тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

Грамматика. Зат есім. Күрделі зат есім. Жай септеу, тәуелді септеу. Зат есім – заттың, ұғымның, құбылыстың және жалқы есімдердің атын білдіретін сөз табы. Сұрақтары: кім? не? кімдер? нелер?

Күрделі зат есім кемінде екі сөзден (біріккен, қосарланған, қысқарған, тіркескен) тұрады: кемпірқосақ, ата-ана, ҚазМҰУ, Орал қаласы.

Зат есімнің септік жалғаулары арқылы өзгеруін зат есімнің септелуі деп атаймыз.

Зат есімге септік жалғаулары тікелей жалғанып барып септелсе, онда оны жай септеу дейді. Мысалы, әке-ге.

Зат есім тәуелденіп барып септелсе, тәуелді септеу дейді. Мысалы, әкем-е.

2. Жазылым. 1-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді жазыңдар. Арманы жоқ халықтың Ақша ... – жақсы әдет. Отбасы бюджетін ... керек. Ақша ... құралады. Бюджетті жоспарлау ... мақсатқа жеткізеді.

3. Тиісті сөздер: алға қойған, үнемдеу, болашағы да жоқ, тиыннан, жоспарлау. 2-жаттығу. Ата-аналарыңмен бірігіп отбасының жазғы демалыс айына арналған бюджетін жасаңдар. Шығынның қайсысын қысқартуға болады, қайсысын көбейтуге болады?

4.3-жаттығу. Сөздерді мағыналық жағынан сәйкестендіріңдер.

Ақшаны жұмсар алдында		а) қалай болса солай жұмсауға болмайды.
Еңбекпен тапқан қаражатты		ә) есептеп жүру керек.
Пайдасы аз нәрселерді алу да		б) ойлану керек.
Күнделікті шығынды		в) шығын.

4-жаттығу. Берілген мақалдардың қайсысы мәтін тақырыбына сәйкес келеді деп ойлайсыңдар? Мағынасын түсіндіріңдер.

- Отан оттан да ыстық.
- Еріншектің ертеңі бітпес.
- Есептемегенге бәрі түгел.
- Ақша кетуге тырысады, Есеп ұстауға тырысады.
- Шашу оңай, жинау қиын.

5-жаттығу. Берілген сөздерді жай және тәуелді түрде септендер.

Бюджет, ата-ана.

6-жаттығу. Мәтіннен күрделі зат есімдерді теріп жазыңдар. Жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

2-модуль бойынша нәтиже сабақ «Біз қонақ күтеміз»

1. Оқылым.

Қазақ халқы асты, тағамды өте құрметтеген. Дастарқан жайып, дәмді тағам пісіріп, оны жақсы ыдыстарымен дастарқанға қою дәстүрі ұрпақтан-

ұрпаққа жалғасып келеді.

Мәдениетімізде ас беру арқылы адамға құрмет көрсету қалыптасқан. Бұл қазақ халқының қонақжай ел екенін көрсетеді.

Әжелеріміз бен аналарымыз ұлттық тағамдарымызды дайындау дәстүрін осы күнге дейін сақтап келеді. Олар қымыз-шұбат, құрт-ірімшік жасауды ұрпағына үйретіп отырады. Халқымыз ұлттық тағамдарды ерекше дәмді даярлауды өнер деп бағалаған.

Тойдың ең қадірлі тағамы – қазақша ет. Оны пісіру үшін жылқы, қой, сиыр етін пайдаланады. Су құйылған қазанға қойдың мүшелерін салып, тұз қосып, баяу қайнатады. Қамыр илеп, дөңгелеп илеп, жұқалап жаяды. Сорпаға пиязды турап, бұрыш салып, тұздық жасайды. Той табағы ерекше болады. Қадірлі қонақтарға бас пен жамбас тартады. Дастарқанға, ең алдымен, бауырсақ пен нан қояды.

Сүт тағамдары «ақ» деген ұғымды білдіреді. Тілімізде «ақ бата», «ақкөңіл», «ақжол» деген сөздер мен сөз тіркестері жиі қолданылады.

Мәтінмен жұмыс.

1. Мәтінді түсініп оқындар.

2. Мәтін бойынша жоспар құраңдар.

2. Айтылым.

Пікірталас

1. «Қазақ халқы – қонақжай халық» деген пікірімен келісесіз бе? 2. Сіздер қонақты қалай күтесіздер?

Тірек сөздер:

Қазақы дастарқан

Қымыз

Шұбат

Құрт

Ірімшік

Қамыр

Мүшесі

Тұздық

Тапсырма: берілген жаңа сөздерді оқындар, сөз тіркесін құраңдар. Сөйлеу жағдаяттық тапсырма.

Мен «Болашақ» бағдарламасы бойынша Алматы қаласындағы Технология институтын аяқтадым. Менің арманым – ұлттық тағамдар мейрамханасын ашу. Міне, бұл – менің жобамның жоспары.

Сіз осы жоба жоспарын қалай жасар едіңіз?

3. Жазылым. 1-жаттығу. Кестені толтырыңыздар.

№	Дастарқан сөзіне қатысты өздеріңіз білетін сөздерді жазыңыздар	Жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіңіздер
1	Ас	-адам баласының қоректік заты, тағам.
2		-сойылған мал етінің қонаққа арналатын мүшелері.
3		-піскен еттің үстіне құю үшін тұз, пияз, кара бұрыш салып дайындалған майлы сорпа.
4		-қонаққа арнап мал етінің мүшелері салынатын, тойға дайындалатын арнайы табак.
5		-қуаныштың белгісі, келін түскенде, тойларда үлкен аналар құрт-кәмпиттен, күміс теңгеден шашу шашады.

Грамматика. Етістік. Күрделі етістік. Етістіктің жіктелуі.

Етістік заттың іс-әрекетін, қимылын білдіреді. Сұрақтары: не істеді? не қылды? қайтті?

Күрделі етістік кемінде екі етістіктің тіркесуі, қосарлануы, бірігуі арқылы жасалады: алып кел, уәде бер, әпер. Күрделі етістіктің 1-етістігі негізгі етістік, ал 2-етістігі көмекші етістік болады. Мысалы, барып қойды. Барып – негізгі етістік, қойды – көмекші етістік.

Етістіктің жіктік жалғауларын қабылдап, қимылдың қай жаққа тән екенін көрсетуін етістіктің жіктелуі дейді.

«Отыр» етістігінің жіктелуі.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Мен отырмын	Біз отырмыз
II	Сен отырсың Сіз отырсыз	Сендер отырсыңдар Сіздер отырсыздар
III	Ол отыр	Олар отыр

2-жаттығу. Өлеңді оқып, етістіктерді теріп жазыңдар. Етістіктерге сұрақ қойыңдар. Өлеңнің мазмұнын түсіндіріңдер.

... Қазақ осы: дала дейтін, күн дейтін,
 Қазақ осы «Өнер алды – тіл» дейтін.
 Қазақ осы: қарасың ба, ақсың ба,
 Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін...
 Қазақ осы: ашық-жарқын қабағы,
 Қонақ келсе, шабылып бір қалады.
 Байқа да тұр, саған да ол кетерде,
 Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

(Қ.Мырза Әлі)

3-жаттығу. Тағамдардың жасалу құрамымен танысып, атауларын жазыңыздар.

№	Тағам құрамы	Тағам атауы
1	Күріш, сәбіз, ет, пияз, май	Палау
2	Тартылған ет, пияз, ұн	
3	Орамжапырақ, ет, картоп, сәбіз, қызылша, су	
4	Қызыл ақ, ірімшік, майонез, тартылған ет	

4-жаттығу. Қонақ, қонақжайлық туралы мақал-мәтелдерді оқып, әр мақалдың мағынасын өз сөздеріңмен жазыңдар.

1. Қонақты асыңа тойғызбасаң да, ақ ниетіңе тойғыз.

2. Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал.

3. Қонаққа бара берсең, шақыра да біл.

4. Қонақ табағыңа қарамайды, қабағыңа қарайды.

5-жаттығу. Мына өлеңді, нақыл сөздерді оқып, жаттап алыңдар.

1. Қонақ келсе есікке,

Жүгіріп шық, кешікпе.

Қарсы алмасаң қонақты,

Кесір болар нәсіпке.

2. Қай кезде болмасын дастарқанға ең алдымен,
 нан қоюды есіңнен шығарма.

3. Қазақтың дәстүрінде терезе қағу жоқ.

(Б.Момышұлы)

Н.ЕМЕЛБАЕВА,
Б.Момышұлы атындағы
орта мектебі.
 Шығыс Қазақстан облысы,
 Үржар ауылы

ҚАЗАҚСТАН- БІЗДІҢ ОТАНЫМЫЗ

Мақсаты: жіктік жалғауларын меңгерту, сөйлем құрау кезінде қолдана білу; ауызекі сөйлеу тілін дамыту, қисынды ойлау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын молайту; туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, география, тарих.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: түсіндірме, аударма, сөздік, диалог, суретпен жұмыс, мәнерлеп оқу, флипчарт, слайд.

Сабак барысы:

1) Ұйымдастыру кезеңі.

Өлеңді мәнерлеп оқындар.

«Мен-Қазақтың тілімін»

Мен - Қазақтың тілімін,

Беретін көп білімім.

Достасатын сендермен

Жаңа пәннің бірімін.

Сөзіме құлақ сал бәрің,

Менімен тез іске асар

Ойға алған арманың!

(О.Асқар)

2) Блиц-сұрақтар.

3) Жаңа сабақ. Жіктік жалғау. (флипчарт арқылы

түсіндіру)

	жекеше	көпше
I жақ	-мын,-мін,-бын,- бін,- пын,-пін	-мыз,-міз,-быз,- біз,-пыз,-піз

II жақ	-сың,-сің -сыз,-сіз	-сындар,-сіндер -сыздар,-сіздер
III жақ	- -	- -

Зат есім сөздердің жіктік жалғауы арқылы түрленуі зат есімнің жіктелуі деп аталады. Жіктік жалғауы тек адамға қатысты, оның мамандығын, кәсібін білдіретін сөздерге ғана жалғанады. Жіктік жалғауы есім сөзге және етістікке жалғанады.

4-тапсырма. Сөздерге жақша ішіндегі жіктік жалғауын жалғап, ауызша жіктендер.

Сөздік жұмысы:

құрлық- суша; аймақ – край;

жазық дала – равнина; қорық –заповедник;

шөл – пустыня; белес –преграда, трудность;

Қазақстан туралы бейнеролик көрсету.

Мәтінмен жұмыс. «Қазақстан - біздің Отанымыз»
 (оқып,аудару)

2-тапсырма. Сөз тіркестерін дұрыс құраңдар.
 (флипчарт)

Еуразия	Президент	тарихи	құрлығы
Табиғаты	кездеседі	көркем	әр алуан
Шөлді	қорықтар	көптеп	аймақтар
Ғасырларды	ескерткіштер	тұңғыш	қамтиды

3-тапсырма. Синоним сөздерді жаттандар.
 (ауызша сөйлемдер құрау)

Әр алуан көркем аймақ

Әр түрлі әдемі өлке

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, көшіріп жазыңдар.

Слайдта көрсетілген суреттерді қолданып, әңгімелеу.

6.Үй жұмысы: 6-тапсырма, 87-бет. Диалогты аударып, жіктік жалғауларын табу.

7. Оқушылардың білімін бағалау.

А.ҚҰМАРҒАЛИЕВА,
Богдановка негізгі орта мектебі.
Орал облысы,
Теректі ауданы

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ. **ҮШ БАҚЫТЫМ**

(7 – сынып)

Мақсаты: білімділік-оқушыларға М.Мақатаев туралы мағлұмат беру, өлеңінің мағынасына үңілу; дамытушылық-шығармашылық және ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-өзұлтын құрметтеуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Түрі: аралас. Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, іздендіру, баяндау.

Көрнекі құралдар: ақын суреті, халық, тіл, Отан туралы нақыл сөздер жазылған плакаттар.

Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі.

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй жұмысын тексеру.

Алдын-ала берілген тапсырма бойынша Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына жазылған реферат тыңдалады.

I. Өмірі жайлы.

II. Шығармашылығы туралы.

III. Жаңа сабактың барысы:

I. Қызығушылықты ояту.

«Топтастыру стратегиясы» бойынша:

- Отан, халық тақырыбына шығарма жазған қандай ақындарды білесіңдер?

II. «Мағынаны ажырату»

Білемін. Білгім келеді. Үйрендім стратегиясы.

-М.Мақатаев туралы не білесіңдер?

-Не білгілерің келеді?

Оқушылар жеке-жеке өз ойларын ортаға салады. Кестенің «Білемін», сонан соң барып «білгім келеді» бөлімі толтырылады.

1.М.Мақатаев өмірі туралы сөз қозғау.

“Заманымыздың ғажайып ақындарының бірі, алауратқан таңдардан, қарауытқан таулардан түйсік алатын, көрінбейтін сиқыр бояулардан, естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын ақын” (Ә.Тәжібаев) Мұқағали мұрасының таза да мөлдір, шынайы поэзиядан тұратыны, 1960-1970 жылдардағы қазақ поэзиясын биік шыңға көтерген сырлы да сазды, мұнды да қуатты жырлар авторы Мұқағалидың қуаныш пен қайғы, үміт пен мұңға толы өмір жолы, шығармашылық тағдырын сөз ету.

2. “Менің анкетам” өлеңін оқу. Екі оқушыға мәнерлеп оқыту.

3. Жалпы поэзиясына шолу жасау. Лирикаларының негізгі тақырыбына тоқталу.

Жастық, махаббат жырлары:

- Туған жер, Туған ел, Отан тақырыбы.

- Отан соғысы, адамдар тағдыры, өмір мен өлім.

- Бесік жыры, Ана мен бала, әйелдер тақырыбы.

- Өмір жайлы толғаулары.

- Өзі туралы жырлары, элегиялық лирикалары (емхана жырлары).

- Достық, адамдық, адамгершілік туралы лирикалары.

VI.Өлеңмен жұмыс.

- Балалар, М.Мақатаев бақытты қалай жырлағанын

оқып көрейік. Біздің оқулықта «Үш бақытым» атты өлеңі берілген.

▲ Өлеңмен оқушыларды мұғалімнің оқып таныстыруы.

▲ Жаңа сөздермен жұмыс жүргізу:

бақытым - счастье мое;

ойымның алтын кені - драгоценные мысли;

тілім менің - мой язык;

тас жүрек - бессердечный человек;

тілімдеу- резать;

қасиетті- священный.

▲ Өлеңді оқушылардың оқуы және түсінулері.

▲ Өлеңді талдау.

Сонымен, балалар, сендер қазақ халқының ең дарынды, тамаша ақындарының бірі Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы және шығармашылығымен, «Үш бақытым» деген өлеңімен таныс болдыңдар. Ақын үшін не нәрсе бақыт екенін түсіндіңдер.

▲ Әр шумаққа тоқтала отырып, мақал-мәтелдерді айтқызу.

-Балалар, осы жерде біз сендермен Отан, тіл, халық туралы мақал-мәтелдерді қалай айтпай кетеміз.

1. Отан - оттан да ыстық.

2. Халықтың ортақ үйі - Отан.

3. Елін сүйген ер болар.

4. Отансыз адам - ормансыз бұлбұл.

5. Өнер алды-қызыл тіл.

6. Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте.

Буын үндестігі

Қа+ғаз+ды

Дыбыс үндестігі

Айт-бай – Айт+пай

Те+ре+зе+ге

Ба+ла+лар+ға

Ең+бек+тің

тап+у – табу

Қара+көз – Қара+гөз

қаш+са – қаш+ша

жүрек+і – жүрегі

кеп+іп – кеу+іп

Бөген+бай – Бөгем+бай

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар:

Көмектес септік: -нікі, -дікі, -тікі -паз, -қор, -кер, -гер,

-мен, -пен, -бен -қой, -хана, -кеш, т.б.

Самат+пен, Самат+тікі, өнер+паз, еңбек+қор,

Әсем+мен, Әсем+дікі, ғарыш+кер, сауда+гер,

Қыз+бен, бала+нікі, сән+қой, дәрі+хана, т.б.

Мағынаны ажырату үшін: жаттығу жұмыстары (жеке жұмыс).

Төмендегі сөздерге қосымшаларды дұрыс тауып жалғап, қандай үндестік екенін айтыңдар:

маллар

қойтар

әйелым

баладар

қонақды

шешесы

түйелар

бойдақға

V. Қорытынды. Бағалау.

Үй тапсырмасы: «Үш бақытым» өлеңін жаттау.



Э.ИЛЬСОВА,
А.Оразбаева атындағы
орта жалпы білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Казталов ауданы

ЖАЛПЫЛАУ ЕСІМДІГІН ОҚЫТУ

(6-сынып)

Мақсаты: білімділігі-оқушылардың аңшылар, аңшылық туралы түсініктерін тереңдету. Жалпылау есімдігі туралы білім өрісін кеңейтуге бағдар беру; дамытушылық-оқушылардың қазақша сөйлеу мәдениетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру, сөздік қорын молайту; тәрбиелік-оқушыларды табиғатты аялап, жануарларды қорғап, қамқор болуға тәрбиелеу.

Әдісі:түсіндіру, сұрақ-жауап. Түрі: жаңа сабақ.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, жаратылыстану.

Көрнекілігі: құс-аңдардың суреттері, слайд, семантикалық карта.

Сабақтың барысы:І.Ұйымдастыру бөлімі

а) амандасу,

ә) түгелдеу;

б) сабаққа оқушылардың даярлығын тексеру. Оқушыларды 2 топқа бөлу. Баяу ән жіберіледі. Балалар, партаның үстінде суреттер тұр, сол суретті таңдауларын сұралады. Қазір,балалар, кімге аңдар, кімге құстар көбірек ұнайтынын көрейік. Құстар ұнайтындар бірінші топ, аңдар ұнайтындар екінші топ болады)

II.Үй тапсырмасын тексеру

-Балалар, үйге қандай тапсырма берілді?

-Болымсыздық есімдігі.

Қайталау сұрақтары:

-Есімдік дегеніміз не? Мысал келтір.

-Қандай түрлері бар?

-Болымсыздық есімдігі дегеніміз не?

III. Жаңа сабақ.

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Жалпылау есімдігі.

Ұлт тарихында ертеден қалыптасқан салт-дәстүрлердің ішінде аңшылық өнерінің тарихы тамыры тереңде жатыр. Ата-бабамыз аң

аулап, құс салып ішерге ас, киерге киім етіп тұрмысына жаратып, аңшылықты кәсіп көзіне айналдыра білген. Аңшы-аң аулауды кәсіп еткен адам. Оны құсбегі, бапкер деп те атайды. Кейде аңға көңіл көтеру үшін де шығады. Ит жүгіртіп, құс салу-серілік салтанат деп саналған. Қазақ ішіндегі аңшылар қолданған құралы, істеген амалына қарай былайша жіктеледі:

1. Саятшы-қыран бүркіт, ұшқыр тазы, түзу мылтық пайдаланады.

2. Мерген садақпен, мылтықпен аң атады.

3. Қақпаншы аңды қақпанмен аулайды.

4. Моршы түлкі, күзен секілді аңдардың ініне түтін салып, іннен шыға қашқанда ұстайды.

Аңшылық - жануарларды аулау кәсібі. Аң аулау дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып дамыған. Аңшылықты жақсы меңгерген адамды аңшы дейді. Аңшылықтың түрлері бар. I.Кәсіптік аңшылық- аңдар мен құстардан ет, тері, мүйіз өнімдерін алу.

2. Әуесқой аңшыға мемлекет тарапынан шек қойылады.

3. Ғылыми аңшылықтың мақсаты аңдар мен құстардың сан мөлшерін көбейту.

Жаңа тақырыпты меңгеру үшін бізге жаңа сөздер керек. Ендеше бүгінгі сабағымыздың жаңа сөздерімен танысып алайық. Тақтада жазылған сөздерге назар аударындар. Мұғалім дауыстап оқып шығады, балалар қайталайды, кезектесіп қазақша-орысша сөздерді айтады, сөздермен сөз тіркес немесе сөйлемдер құрастырады).

Сөздікпен жұмыс:

түс ауа-после полудня;

өткінші-кратковременный, переходящий;

жел-ветер;

бөлтірік-волчонок;

үйір-үйір-густые;

өлтіру-убить;

асығу-торопиться;

қолын созу-протянуть руку.

Есімдіктер – заттың атын, сынын, санын, я олардың аттарын білдірмейтін, бірақ солардың орнына жұмсалатын сөз табы. Есімдіктер жіктеледі, септеледі, тәуелденеді және көптеледі. Мағыналарына қарай есімдіктер мынадай топтарға бөлінеді:

1. Жіктеу есімдігі.

2. Сілтеу есімдігі.

3. Сұрау есімдігі.

4. Өздік есімдігі.
5. Жалпылау есімдігі.
6. Белгісіздік есімдігі.
7. Болымсыздық есімдігі.

Жалпылау есімдігі – жалпылау, жинақтау үшін қолданылатын сөздер. Жалпылау есімдіктеріне-барлық, бәрі, тегіс, түгел, күллі, барша, бар, бүкіл, бүтін сөздері кіреді.

Бұл сөздер (бәрі, түгел...) – көп заттың атының орнына қолданылады.

IV.Кітаппен жұмыс.

1-тапсырма. Мәтіннен есімдіктерді теріп жазыңдар.

Бұл-сілтеу, ештеңе-болымсыздық.

V.Тақтаменен жұмыс.

Қосымша тапсырма.

1-тапсырма. Берілген өлең жолдарынан есімдіктерді табыңдар.

I топ. Өзім – тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім – құран, бағынамын сөзіме!
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,
Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе!

(М. Жұмабаев)

II топ. Анау не жарқыраған,
Аспаннан тартып алам.
Мынау не сарқыраған?
Қалайша сарқылмаған?

(Ө.Табылдиев)

2-тапсырма. Морфологиялық талдау.

I топ. Ақыл бізді білімге жетелейді.

II топ. Күллі қазақстандықтар тәуелсіздікті қолдайды.

3-тапсырма. Берілген есімдіктерді септе.

I топ. *Ешкім, бәрі*

II топ. *Кім, өзі*

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына төмендегі есімдіктерді қойып жазыңдар.

1..... айтып тұрған қасиеттер баладан табылмасына ... кепіл?

2. ... ертіп жүрген бала қазақтың белгілі ақыны болған Нұржан Наушабаев екен.

3. - Күршім өзені. 4.- Ұлыстың ұлы күніне арналып құрылған киіз үйлер.

5. ... елін- алтын бесік.6.Сабақтан кейін бармайтын болдық.
Есімдіктер: осы-1, сіз-2, бұлар-4, өз-5, ешқайда-6 мынау-1,
мынау-3, кім-1.

5-тапсырма. Семантикалық карта бойынша жұмыс.

р/с	Мысалдар	Жіктеу	Сілтеу	Сұрау	Өздік	Белгісіздік	Болымсыздық	Жалпылау
1	барлық							
2	кейбіреу							
3	өздері							
4	олар							
5	біреуге							
6	тегіс							
7	қалай							
8	әрқашан							
9	әне							
10	қайда							
11	әлде-қашан							
12	еш-қашан							
13	біздің							

6-тапсырма. Сыңарын тауып, есімдіктерді көрсет.

- | | |
|------------------------------|------------------------|
| 1.Отанға опасыздық еткенің, | Өзінен қызғанады. |
| 2.Жаманның өзі бола алмайды, | Өз елінде дүркіре. |
| 3.Кісі елінде күркірегенше, | Өз түбіне жеткенің |
| 4.Сараң өзінің затын, | Болғанды көре алмайды. |
| VI.Бекіту. | |

- Бәріміз тақтаға назар аударып, берілген «Зымыран сұрақтарға» жауап берейік.

Ж.АСАНОВА,
№32 жалпы білім беру орта мектебі,
Қарағанды қаласы

Сұрақтары	Иә	Жоқ
1. Есімдік зат есім, сан есім, сын есімнің орнына жұмсалады ма?		
2. Есімдіктер мағынасына қарай 5-ке бөлінеді ме?		
3. <i>Осыдан</i> есімдігі шығыс септікте тұр.		
4. <i>Бұл, сол, ол</i> есімдіктері септеле ме?		
5. Бұлардың есімдігі тәуелдеудің Іжағында ортақ түрінде тұр.		
6. Сілтеу есімдігі сын есімінің орнына жұмсалса, анықтауыш қызметін атқарады.		
7. Есім сөздер деп зат есім, сын есім, сан есімдерді атайды.		
8. <i>Дәнеңе, кейбіреу</i> белгісіздік есімдіктері ме?		
9. <i>Өзімнен, бәріміздің</i> есімдіктері септеліп тұр.		
10. <i>Әлдеқашан, әркім, ешбір</i> күрделі есімдіктер болып табылады.		

V. Үйге тапсырма: оқулығымыздың 118-бетіндегі 2-тапсырманы және есімдіктерді қайталап келу.

VI. Бағалау.

Сабаққа белсене қатысқан оқушыларды бағалау.

VII. Қорытынды.



ЖАЛАҢ СӨЙЛЕМ

Мақсаты: білімділік-жалаң сөйлем туралы мәлімет беру. Білетіндерін пысықтау, тереңдету. Сөздерді дұрыс қолдана отырып, сөйлем құрауға, талдауға баулу; дамытушылық-оқушылардың шығармашылық, танымдық деңгейін көтеру, ойлау қабілеттерін дамыту, ауызекі сөйлеуге, сурет бойынша жұмыс жасай білуге үйрету; тәрбиелік- тапқырлыққа, еңбекті сүйеге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Түрі: медиа-сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, ойландыру, іздену, деңгейлік тапсырмалар.

Көрнекілігі: кесте, слайдтар, суреттер, интерактивті тақта, компьютерлер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу;

2. Оқушылардың сабаққа әзірлігін тексеру.

II. Үй жұмысын тексеру.

Миға шабуыл.

Сұрақтарға жауап беру.

1. Жай сөйлем айтылуына қарай неше түрге бөлінеді?
2. Жай сөйлем сөйлем мүшелерінің қатысына қарай неше түрге бөлінеді?

3. Жақты, жақсыз сөйлем дегеніміз не?

4. Толымды, толымсыз сөйлем дегеніміз не?

5. «Бизнес», «Іскер адам», «Саналы адам», «Үнемшіл болу» тақырыбы аясында әңгімелеу.

Жаңа сабақ.

Грамматикалық тақырып.

Жаңа сөздер.

Жалаң сөйлем – нераспространенное предложение;

Нақтылы капиталы – конкретный, реальный капитал;

Мойындамайды – не признает;

Өрге басуы – идти вперед.

Оқушылардың көңілін тақтаға аудару, сөйлемдерді оқыту, сөйлем мүшелеріне талдату.

«Жаңбыр тамшысы» ойыны.

1. Бизнес құрылды.

2. Кәсіпкерлер істеді.

3. Шаралар қолданды.

4. Қаржы көбейді.

5. Инвестиция қызмет етті.

6. Кәсіпорындар пайда болды.

7. Тәуелсіздік алды.

8. Жапондықтар еңбек етеді.

9. Келісім жасай білу керек.

10. Уақыт қымбат.

11. Уақыт – құрал.

12. Адам қадағалайды.

13. Іс жоспарланады.

Оқушылар кестеге қарап қорытынды жасайды.

ЖАЛАҢ СӨЙЛЕМ

Бастауыш

Баяндауыш

Тек бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлемдер жалаң сөйлемдер деп аталады.

«Сиқырлы ағаш» грамматикалық ойыны.

Оқушыларға слайдтарды көрсетеміз. Ағаштың біреуін сілкіміз.

I топқа

Зат есімдер беріледі.

Күн **батты.**

Тау **көрінді.**

Ағаш **жайқалды.**

Орман **гүлденді.**

Өзен **қатты.**

Үй **салынды.**

Сарқырама **ақты.**

Аспан **бұлттанды.**

Қар **жауды.**

Дала **тып-тыныш.**

II топқа

Етістіктер беріледі.

Күз **келді.**

Қыс **түсті.**

Жол **салынды.**

Гүл **ашылды.**

Жапырақ **сарғайды**

Туристер **келд**

Шаңғы **тепті.**

Балалар

сырғанады.

Бұлт **көрінді.**

Кемпірқосақ **пайда**

болды.

Оқушылар құрастырған сөйлемдерін оқиды. Жай сөйлемнің түрін ажыратады.

Мәтінмен жұмыс.

Еріктің әкесі шопан. Бір күні ол үйге киіктің лағын алып келді. Ерік қуанды. Ол сүйкімді екен. Көздері мөп-мөлдір. Киіктің лағына қарай бергің келеді. Киіктің лағы Ерікке әбден үйреніп алды. Ерік оған «Керім» деп ат қойды. Керім тек Ерікпен ғана ойнайды. Еріктің қолынан ғана сүт ішеді.

Тапсырма.

Мәтінді оқушылар компьютерден оқып шығады. Мазмұнын қысқаша айтады. Мұғалім оқушылардың сұрақтарына жауап береді.

«Кім жылдам?» ойыны.

I топ мәтіннің ішінен жалаң сөйлемдерді теріп алып себетке салады. *Ерік қуанды. Көздері мөп-мөлдір.*

II топ мәтіннің ішінен жалаң сөйлемдерді ажыратып, бөліп алып себетке салады. *Әкесі шопан. Ол алып келді.*

Лақ үйреніп алды. Ат қойды. Керім ойнайды. Сүт ішеді.

Қорытынды жасайды.

Өзін-өзі тексеру.

6.5.4, 6.5.5 – тапсырмаларды орындау.

Жоғарыдағы үлгіге қарап сөйлемдердің ішінен жалаң сөйлемдерді теріп жазады.

IV. Бекіту.

Сызба бойынша оқушылар сұрақтарға жауап береді.

Білемін	Үйрендім
Жай сөйлемнің түрлері	Жалаң сөйлем, бастауыш баяндауыш

Үйге тапсырма: ережені оқу. Бір күнге жоспар жазып келу.



А.ҚАНАШЕВА,

Победа орта мектебі

Ақмола облысы,

Есіл ауданы

ФАСТ-ФУД-ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ ДҮШПАНЫ

(8-сынып)

Мақсаты: фаст-фуд туралы білімдерін толықтыру. Есімшенің түрлерін еске түсіріп, бекіту. Білімділік: Фаст-фуд туралы мағлұмат алу. Грамматикалық тақырып бойынша есімшенің тәуелденуін үлгі бойынша меңгерту. Дамытушылық: білімдерін өздері тексере отырып бекіту, оқушылардың сөйлеу қабілеттерін дамыту, ұжымда жұмыс істей отырып, өзін-өзі көрсете білу мүмкіндігін дамыту. Тәрбиелік: баланы дұрыс тамақтануға, денсаулығын күтуге, оны нығайтуға, қоршаған ортада өзін дұрыс ұстай білуге, тиімді қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Көрнекілігі: суреттер, сызбалар, слайд, үлестірме қима қағаздар. Әдісі: ауызша-жазбаша, түсіндіру, кластер сызу, шығармашылық, сұрақ-жауап әдісі. Түрі: жаңа сабақ. Көрнекілігі: интерактивті тақта бағдарламасы негізінде презентациялық слайдтар, үлестірмелі қағаздар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдасту кезеңі.

Сәлемдесу. -Сәлеметсіздер ме, балалар.

«Жақсы оқып сабақты,

Әдеп сақтау-сәніміз.

Сәлем бердік сіздерге,

Басты иіп бәріміз» (қонақтармен сәлемдесу)

- Бүгінгі біздің сабағымыз-ерекше сабақ. Себебі, біздің сабағымызға қонақтар қатысып отыр. Ендеше, балалар, мен сендерге бүгінгі сабақта жақсылық тілеймін. Көңіл-күйлеріңізді маған жетон бойынша білдіртіп қойыңдар. (Оқушылар смайликтерді көрсетеді.)

-Енді сендерді топқа бөлемін. Мен сендер үшін күннің басымын, ал сендер менің нұрымсындар, стикер алып аттарыңды жазыңдар, тақтаға ілесіндер, сабақ бойы күн бізге жылуын төгіп отырады. Оқушылар стикердің түсі бойынша 2 топқа бөлінеді.

Бағалау парағы таратылып, сабақ басталады.

II. Бүгінгі сабақта біз аспен байланысты дәстүрлерді еске түсіреміз.

«Ата дәстүр – асыл қазына»

(топпен жұмыс)

-асар	-сыбаға
-табақ тарту	-бата
-тассаттық	-ауызбастырық
-тізе бүгу	-ақ құю
-шашу	-ауыз тию

- Өте жақсы. Дәстүрлерді біледі екенсіңдер.

- Балалар, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:

Фаст-фуд – денсаулықтың дұшпаны.

Сабағымыздың ұраны: «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде»

III. Бүгінгі сабақтың мақсатын айқындау.

- Мынау зымыраған заманда көп нәрсеге көңіл бөлінбейді, дұрыс тамақтануға уақыт жетіспей жатады. Бүгін біз тамақтану мәдениеті туралы айтамыз.

Кіріспе сөз: фаст-фуд сөзі ағылшын тілінен аударғанда- «шұғыл дайындалған тағам» дегенді білдіретінін көбіміз білеміз. Жаңа тақырып бойынша Милана, Инга және Нұргүл хабарлама дайындап келді. Оқушыларға фаст-фудтың түрлері, бағалары, фаст-фудты жиі жегеннен қандай ауруға шалдығамыз, т.б. слайд, қабырға газеті көрсетіледі.

Топтық жұмыс. Кластер құру.

1-топ фаст-фудтың зияны.

2-топ фаст-фудтың пайдасы.

Жаңа сөздерді таныстыру:

Шұғыл дайындалған тағам-быстрая еда;

Зымыраған заманда- в наше стремительное время;

Пікірталас- дискуссия,обсуждение;

Дайындық барысында- в ходе подготовки;

Кептірілген тұзды нан- солёные сухарики;

Жаңғақтар- орешки;

Қатаң тыйым салынған- строго запретили;

Құмарлық- страсть,желание.

Мәтінмен жұмыс. Түсініп оқып, қандай хабарлама жаңа 2-3 сөйлем дәптерлеріне жазады. (өздік жұмыс)

Оқып береді. Грамматикалық тақырыпты еске түсірейік. Есімше деген не?

- Есімге де, етістікке де тән грамматикалық белгілерді қамтитын етістіктің түрін есімше деп атайды.

- Қандай түрлері бар? Өткен шақ есімше, ауыспалы шақ есімше, болжалды келер шақ есімше, мақсатты келер шақ есімше.

Топ жұмысы. Етістіктерді өткен шақ есімшеге, ауыспалы шақ есімшеге айналдырыңдар.

1-топ -жазу, жинау, басу, жүру, отыру, жеу.

2 топ- күлу, бару, тұру, жату, секіру, ішу.

Тапсырма: берілген есімшелерге тәуелдік жалғауларын жалғап жазыңдар.

Сабақты қорыту.

- Балалар, сендер қандай шешімге келдіңдер?

- Фаст-фудты жиі жеуге болмайды.

- Фаст-фудты күннің бірінші жартысында ғана жеуге болады.

- Құмарлығымызды азайту қажет.

- Фаст-фудтың адам ағзасына зияны туралы не білдің?

Рефлексия кезеңі. Алған әсерлеріңді білдіріңдер.

Сабақта не ұнады? Көңіл-күйлеріңді смайлик арқылы көрсетіңдер. Сабақта не ұнады,стикерге жазып ағашқа жапсырыңдар.

Үйге тапсырма: жаңа сөздерді жаттау.

Бағалау парағы бойынша оқушыларды бағалау.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

Сілтеме	Оқулық, интерактивті тақта, интернеттен алынған тақырыпқа байланысты қосымша материалдар.
Мақсаттары	Жануарлар әлемінің сан алуандығы, олардың тіршілігі туралы қызықты мәлімет беру. Қазақ тілінде және ағылшын тілінде өз ойларын жеткізе білуге үйрету. Оқушылардың сөздік қорын, ойлау және есте сақтау қабілетін, дүниетанымдарын арттыру. Әр түрлі қызықты мәліметтер бере отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру, білімдерін шыңдау. Табиғатты сүйе отырып және түсіне білуге баулу. Жануарларды қорғауға, күтіп, бағуға үйрету, жануарларды қорғауға, аялауға тәрбиелеу.
Оқыту нәтижесі	Жаңа тақырыпты толықтай меңгеріп, білімдерін толықтыру, жуан және жіңішке сұрақтар қоя алу, көмекшілер туралы өз ойларын айта білу.

Түйінді идеялар	Сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру. Диалогтық оқыудың элементтерін пайдалану. Балалардың дарындылығын ояту.
-----------------	--

уақыты	стратегиялар	ресурстар	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1 минут	Психологиялық дайындық	таныстырылым смайликтер	<ul style="list-style-type: none"> - Бүгін кезекші кім? - Who is on duty today? - Бүгін нешесі? - What date is it today? - Аптаның қай күні? - What day of the week is it today? - Жылдың қай мезгілі? - What season is it now? - Бүгін сабаққа деген көңіл-күйлерін қандай? - How are you? - Сабаққа дайынбыз ба? - Are you ready for the lesson? Психологиялық дайындық. -Қайырлы күн, балалар, Жан-жағымызға қарайық. Сабаққа біз дайындалып, Білімге жол салайық.	Орындарынан тұрып мұғаліммен амандасады, көңіл-күйлерін смайликтер жапсыру арқылы көрсетеді.

2 минут		Флеш-тренинг «Цветотерапия»	Интерактивті «Цветотерапия» деген флеш-тренингті қосады.	Мұқият қарайды, тындайды, көңіл-күйлері көтеріледі.
2 минут	Топқа бөлу	Қима қағаздар	Енді, балалар, қима қағаздар бойынша топқа бөлінейік.	Барлығы өз топтарына отырады.
4 минут	«Мен-саған, сен-маған» әдісі	Дәптер	Үй тапсырмасын жұптық бағалау әдісімен тексерейік.	Оқушылар өз дәптерлерін қасындағы сыныптастарына ұсынып, бір-бірінің үй тапсырмаларын тексереді.
4 минут	Миға шабуыл	Слайдтар	Сабақтың мақсатын және тақырыбымен таныстыру. Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Бүгін қазақ тілі сабағы күнделіктен өзгеше, әрі ерекше өтпекші. Себебі, бүгінгі сабаққа дейінгі меңгерген білімдерімізді дәлелдей білуіміз керек. Сонымен қатар сабағымызда қонақтарымыз бар. Сабағымызды тіл дамыту мақсатында фонетикалық жаттығумен бастайық!	Сұрақтарға жауап береді.

			Қызығушылықты ояту: Phonetically drill. Harry has a little dog Painted white and yellow But his dog is made of wood Painted white and yellow. - Балалар, сендер жануарларды жақсы көресіңдер ме? - Оларға көмектесе аласыңдар ма? - Бүгін бізде жануарлар қонақта. Олардың сіздерге дайындаған бірнеше тапсырмасы бар екен. Олай болса табиғат аясына арналған саяхатымызды бастайық! Жолбарыстың тапсырмасы: Will you answer these questions? - What wild animals do you know? - What insects do you know? - What birds do you know? - What domestic animals do you know?	
3 минут	Топтастыру	Қасқырдың тапсырмасы	Қасқырдың тапсырмасы: Мәгінді оқып, мазмұнын айт, топтастыр. Оқылым:	Оқушылар дұрыс жауабын тауып, топтастырады.

			Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқыға мінеді, оны арба мен шанаға жегеді, сүтінен қымыз ашытады. Түйеге жүк артады, оның сүтінен шұбат ашытады. Сиыр мен қой адамдарды етімен, сүтімен асырайды.		
3 минут	Кім жылдам?	Түлкінің тапсырмасы	Түлкінің тапсырмасы: Кім жылдам? Берілген сөздерден сөйлем құраңдар. Құстар, көктемде, келеді, ұшып. Ара, жинайды, гүлдердің, нәрін. тіршілік, аңдар, етеді, орманда.	Балалар тез арада тапсырманы жазбаша орындайды.	
12 минут	Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы	Топтық жұмыс	105-беттегі 1-тапсырма. «Сын тұрғысынан ойлау стратегиясын» топпен жұмыс жасағанда қолдану. 1-топ. «Жануарлар әлемі» тақырыбына шағын әңгіме жазу. 2-топ. Осы тақырыпқа байланысты сурет салу. 3-топ. Жануарлар әлемі туралы өлең шығару.	Оқушылар топпен бірігіп жұмыс жасайды.	

3 минут	Жұмбақты шешу	Пілдің тапсырмасы	Сергіту сәті. Пілдің тапсырмасы: Жұмбақты шешіп, жауабын үш тілде айт. 1. Путешественник отважный Он идет пустынней важно. Не боится он жары, Два горба, как две горы. (верблюд-түйе – same!) 2. Мұртын сипап күн бойы 2. Мұртын сипап күн бойы Бетін сусыз жуады. Тысырды андып түні бойы Тышқанды көп қуалды (мысық-кошка – cat) 3. Он зимой в берлоге спит, Летом пчёлко сторожит, Мёд найдёт и ну реветь! Как зовут его?... (медведь — аю - bear)	Балалар үш тілде жауаптарын айтады.
3 минут	«Сен білесің бе?»	Кірпінің тапсырмасы	Кірпінің тапсырмасы: Балалар, сендер білесіңдер ме? Тыңдалым: «Сен білесің бе?»	«Сен білесің бе?» тыңдалымын мұқият тыңдайды.

4 минут	Топтастыру	Жыланның тапсырмасы	Жыландар қоректенбей 3 жыл ұйықтай алады. Басымен тұра алатын жалғыз аң - піл. Кенгуру артқа қарап жүре алмайды. Ұлудың тістері тілінде орналасқан. Құмырсқалар ешқашан ұйықтамайды.	Т а п с ы р м а н ы жазбаша орындайды.
2 минут	О й қорыту	Слайдтар	Жыланның тапсырмасы: Дәптерлерінді ашып, 105 беттегі, 2 тапсырманы орындайық! Жазылым: Сөйлемдерге сұрақтар құрап жазындар. Даланы мекендейтін аңдарды қазақ тілінде ал, орманды мекендейтін аңдарды ағылшын тілінде топтап жаз. Ой қорыту. Тақтадан электронды түрде дайындалған тест сұрақтар көрсетеді. 1.Сөйлемді жалғастыр. Сиыр сүт А) береді Ә) алады Б) жабады В) қарайды 2. Қойдың пірі.... А) Зеңгі баба Ә) Ойсыл қара Б) Шопан аға В) Қамбар аға 3. Жабайы аңдар тіршілік етеді. А) үйде Ә) орманда Б) қорада В) үйшікте	

2 минут	Бағалау	Бос бланктер	Үйге тапсырма: 105 беттегі 3 тапсырманы жазбаша орындау; 1-тапсырманы мазмұндау. Мадақтау (өзара бағалау), смайликтер тарату (өзін-өзі бағалау), топтық бағалау, 3 шапалақ, жетондар арқылы жиынтық бағалау арқылы қай топтың оқушылары озық екендігін анықтайды.
---------	---------	--------------	--

Ақылдың кені

Көркем әдебиет жас баланы саяси қайраткерлікке дейін тәрбиелейді.

Л.Фейхтвангер.

Мәдениет тарихын білмей тұрып, мәдениетті адам болу мүмкін емес.

М.Горький.

Әдебиет - халықтың санасы, оның рухани өмірінің бояуы мен жемісі.

В.Г.Белинский.

...әдебиеттің мақсаты - адамға өзін-өзі тани білуге жәрдемдесу.

М.Горький.

Г.МҰҚАНОВА,
Подstepенный №1 жалпы
білім беретін мектебі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Теректі ауданы

ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ

Жалпы мақсаты:	Зат есімнің септелуі туралы түсінік бере отырып, оқушыны өз бетінше ойланып қорытынды жасай білуге бағыттайды, тілдік қорын молайтады, таным белсенділігін шығармашылық, ізденімпаздық қабілеттерін дамытады. Оқушылар септік жалғауларының 7 түрін естеріне түсіреді. Зат есімнің қандай жағдайда (жай, тәуелді) септелетінін үйреніп, зат есімді септей біледі. Зат есімдерді еркін септеп, морфологиялық талдаулар жасай алады.
Оқу нәтижелері:	Оқушылар өз бетінше жұмыстанады; Сөздік қорлары байып, сөйлеуге дағдыланады. Деңгейлік тапсырмалар арқылы анық, дәлелді жеткізе біледі.
Түйінді идеялар:	Түйінді ой айта білуге дағды қалыптастырады. Мәтінмен жұмыс арқылы сөйлемдердегі сөздерге талдау жасай алады.
Сабақ кезеңдері: Кіріспе Уақыты: 3 минут	Ұйымдастыру бөлімі. Оқушыларды ортаға шақырып, көңіл-күйлерін сұрап, төрт түрлі суреттерді таңдаулары бойынша алғызып, 4 топқа бөлемін. (жеңіл машина, ауыр жүк машиналары, арбалар, шана-шаңғылар)

Тұсаукесер Уақыты: 5 минут	1- топ Көптік жалғау. 2- топ Септік жалғау. 3-топ Жіктік жалғау. 4- топ Тәуелдік жалғау. Әр топ өзіне қатысты сөйлемді таңдайды. 1.Сенің атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсын./тәуелдік/ 2.Орманда өрт бұрқ етті./септік/ 3.Қонақтар шайларын ішті./көптік/ 4.Шамдансам жығар асаумын./жіктік/ Шамырқансам сынар болатын.
Негізгі бөлім Уақыты: 25 минут	А.с. іс-әрекеттің иесін білдіреді. І.с. заттың кімнің меншігі екенін білдіреді Б.с. іс-қимылдың бағытын, мекенін, мезгілін білдіреді. Т.с. іс-қимылдың объектісін білдіреді. Ж.с. іс-қимылдың орнын, мекенін, мезгілін кімде екенін білдіреді. Ш.с. заттың істелу тегін, әрекеттің шығу көзін мекенін, мезгілін білдіреді. К.с. іс-қимылдың амалын, істелу құралын, бірлестікті білдіреді. Өзіндік жасалу жолдарын мысалдар арқылы түсіндіру /Қ.Мырзалиев «Септеу» өлеңі./ 1-топ. М.Жұмабаев. «Толқын» өлеңі. 2-топ. 28-жаттығу. 3-топ. <i>Септік</i> сөзіне сөзжұмбақ құрастыру. 4-топ. 31-жаттығу.
Қорытынды. Уақыты: 10 минут	Белсенді тақтадан 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмасын орындайды. 1. Мадақтау. 2. Топты бағалау. 3. Мұғалімнің бағалауы.
Үйге тапсырма:	32-жаттығу. Берілген көмекші сөздерді негізгі сөздермен тіркестіріп, сол тіркесті қатыстырып сөйлем құрау.

Г.ХАСАНОВА,
М.Әуезов атындағы
орта мектебі.
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы

ТІЛ ДАМУ

(9-сынып)

Мақсаты: оқушылардың Ыбырай өмірі мен шығармашылығын қалай меңгергендігін пысықтау, әңгімелерінің тақырыбын ашу, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ойын ашық айта білуге және өз пікірін қорғай білуге баулу, оқушыларды адалдыққа, еңбексүйгіштікке, жақсы жолдас бола білуге, ата-ананы құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: танымдық сабақ.

Әдіс-тәсілдер: «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Гармошка әдісі», «FILA кестесі», «Қызығушылықты ояту», «Қарама-қарсы элементтер», «Мұқият оқу», «Өзгертіп айту» стратегиялары.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, оқулық, презентациялар, PISA тапсырмалары.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру. Сыныпты 2 топқа бөлу, топ басшыларын белгілеу және топ ережесімен таныстыру.

Сабақтың мақсатын айту.

- XIX ғасырдың 2 жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген әдебиет өкілі Ы.Алтынсариннің шығармалары бойынша алған білімдерінді сарапқа салу, PISA тапсырмаларын орындай білу мақсатында өткізіліп отырған бүгінгі ашық сабағымызда мәтіндерді

талдау барысында өз ойларыңды ашық айта біліңдер, қойылған сұрақтарға толып жауап беру талап етіледі.

II. Қызығушылықты ояту.

I топ. «Ыбырай Алтынсариннің өмірбаяны мен шығармашылығы» тақырыбындағы презентацияларын қорғайды.

II топ. «Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері» тақырыбындағы презентацияларын қорғайды.

III. Тіл дамыту жұмыстары.

1.«Кластер» стратегиясы.

- Ы.Алтынсарин-балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған. Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...» деп тұжырымдаған. Өйткені хрестоматияға Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық-идеялық мазмұнынан біз Ыбырайды ұстаз-тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз.

2. «Қарама-қарсы элементтер» стратегиясы.

«Әке мен бала», «Жаман жолдас» әңгімелері бойынша талдау жұмыстары.

I топ “Әке мен бала” әңгімесі бойынша талдау.

II топ. «Жаман жолдас» әңгімесі бойынша талдау.

I топ “Әке мен бала”		II топ “Жаман жолдас”	
Әке	Бала	Жақсы	Жаман

3. «Мұқият оқу» стратегиясы.

1-топ. «Бала мен суретте бейнеленген арыстан» мәтінін оқу. «Білгеннің пайдасы» әңгімесін оқу.

4. «Гармошка» әдісі. Топ мүшелері мәтін бойынша 4 жабық сұрақ, 1 ашық сұрақ құрастыру қажет.

5. 1-топ. «Бала мен суретте бейнеленген арыстан» мәтіні бойынша PISA сұрақтарына жауап беру.

1. Мысалда не туралы жазылған?

- A Баласы әкесін құрметтеуге лайық.
- B Әкесі баласының махаббатына ие бола алмады.
- C Әкесі баласын сақтап қалғысы келді.
- D Баласы әкесіне бойсұнуға үйренгелі жатыр.

-Әңгіменің соңында бейнеленген арыстан жас жігітті өлтірді деп айтылған. Бұл күлкілі.	-Мен келіспеймін. Меніңше, әңгіменің соңы оның мәнін өте жақсы білдіреді.
---	---

2. Жоғарыда осы мысалды оқыған екі адамның сөйлесуінен үзінді берілген. Қалай ойлайсыз бейнеленген арыстан ұлын өлтірді ме, жоқ па?

3. Әңгіме екі жарым мың жылдан астам уақыт бұрын жазылған. Қалай ойлайсыз, әкесінің баласына деген сезімі мен іс-әрекеттері қазіргі кезеңге ұқсас келе ме? Оның баласына қамқорлығын біздің заманымыздағы ата-аналардың балаларына деген қамқорлығымен

салыстырыңыз. Жауабыңызды осы әңгімемен байланыстырыңыз.

II топ. «Білгеннің пайдасы» әңгімесі бойынша FILA кестесін толтыру.

FILA кестесі

Facts (фактілер)	Ideals (идеялар)	Learning issues (сұрақтар)	Action plan (іс-әрекет жоспары)

6.«Өзгертіп айту» стратегиясы.

I топ. «Бала мен суретте бейнеленген арыстан».

II топ. «Білгеннің пайдасы».

IV. Қорытындылау.

V. Үйге тапсырма: «Салақтық» әңгімесі бойынша 3 жабық сұрақ, 2 ашық сұрақ құрастыру.



К.АБИШЕВА,
Агробизнес колледжі.
Ақмола облысы,
Зеренді ауданы,
Шағалалы селосы

ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

Шәкәрім атамыз батыс пен шығыстың бірнеше тілдерін білген. Соның арқасында өз бетінше көп оқыған адам. Өзінің айтуынша әдейі іздеп барып Стамбулдың бай кітапханасында бірнеше күн болған. Шәкәрім атамыздың кітабын оқи отырып, ол кісінің ғылыми жаңалықтардан мол хабары болғанына көзіміз жетеді. Осы ғылыми жаңалықтарды ол өз өлеңдерінде қарапайым тілмен халыққа насихаттай білген.

Ақын өз өлеңдерінде ғылыми жаңалықтарды көп насихаттайды, өзі соның жұмбағын шешкісі келеді.

Мысалы: *Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық,
Сегіз минут ширекте жерге барып-*

деп жазады. Ғылыми есеп бойынша, Күн Жерден өте алыста, шамамен жүз елу миллион шақырым қашықтықта тұр. Егер де сәуленің жылдамдығы секундына үш жүз мың шақырым десек, Күн сәулесі жерге сегіз минуттан аса уақытта әрең жетеді. Бұдан Шәкәрімнің астрономия ғылымынан мол хабары бар екенін байқауға болады.

*Мақсат, тәртіп керексіз тозаңы жоқ,
Тексермей неге отырмыз мұны ойланп.
Мұхитқа тозаң құрлы тұз салайын,
Ойлайсыз сөз нешеге бөлінді деп.*

Ақын атамыздың тозаң деп отырғаны—заттың ең кішкене бөлігі—атом. Химия ғылымынан білетініміз ас тұзын суға салғанда ол натрий мен хлордың атомдарына ыдырайды. Бұл өлеңнен байқайтынымыз—Шәкәрім атамыздың атом-молекула ілімінен хабары болғандығы.

*Жарылыс басы-қозғалыс,
Қозғалуға керек қолғабыс.
«Жан» де, мейлің бір «мен» де,
Сол қуатына бол тынық.
Әлемді сол «мен» жаратқан,
Қозғалмаса көшпейді,
Көшіпеген нәрсе өшпейді.*

Материалистік диалектиканың заңы бойынша жаратылыс үнемі қозғалыста болады. Ақын осы өлеңінде жаратылыстың қозғалыс заңын тамаша түрде көрсете білген.

*Өспеген нәрсе өзгермес,
Түрден ол түрге түспейді.
Қозғалыс түрлеп жаратқын...*

Діни және метафизикалық көзқарас бойынша түрлер өзгермейді, оларды Құдай жаратқан. Ал Чарльз Дарвин негізін салған эволюциялық ілім бойынша түрлер өзгереді. Шәкәрімнің «*түрден түрге өзгеріс*» деген сөзі осы эволюциялық идеямен ұштасып жатыр.

*Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,
Мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы, жаман әр істі сол тексермек.*

Шындығында адамда бес сезім мүшесі болады. Олар сыртқы дүние сигналдарын қабылдап, оны нерв импульстарына айналдырып миға хабар жібереді. Ми сыртқы орта сигналдарын көріп, тоқтайды; күйген астың иісін сезіп, асханаға асығып барады; телефонның шылдырын естіп, оның трубкасын қолына алады.

Шәкәрім атамыздың «Өсімдік күннен алады ас» деген өлең жолдарын оқып танданбасқа, таңғалмасқа болмайды. Ботаника ғылымынан өсімдіктердің Күн сәулесінің әсерінен органикалық заттар түзетіні белгілі. Оның фотосинтез үдерісімен де жақсы таныс болғаны өлеңнен көрініп тұр.

*Қысты жердің қояны күздігүні,
Дей ме әдейі қардай боп ағарайын?
Көгалдағы шегіртке жасыл болып,
Көрдің бе қырдағысы қоңырқайын.*

*Осылар өзін-өзі жаратты ма,
Жауымнан түсіммен деп құтылайын?...*

Ғылымда мұны «соқыр сезім» дейді. Шәкәрімнің «соқыр сезім» деп отырғанын ғылым тілінде «инстинкт» деп атайды. Жануарлардың күрделі әрекеті-біртіндеп жүретін көптеген рефлекстер салдарының нәтижесі. Жануарлардың күрделі мінез-қылығынан көрінетін мұндай біртіндеп жүретін рефлекстер инстинкт деп аталады.

*Тінті, кетпес еш жоғалып,
Байқасаңыз барша жан.
Тағы дене тауып алып,
Тағы өседі қайтадан.
Түрлі жанда дене түрлеп,
Өзгеріп тұр бұл ғалам.
Жоғалатын нәрсе жоқ деп,
Айтты ғылым байқаған.*

Шәкәрім атамыз бұл жерде М.В.Ломоносовтың «зат массасының сақталу заңын» айтып тұр. Ол былай деп жазған еді: «Табиғатта болатын барлық өзгерістердің мәні мынада: бір денеден қанша кемісе, екіншісіне сонша қосылады, бір жерден бірнеше материя азайса, басқа жерден сонша артады».

*Зор мұхиттың дариясының,
Ең түбінде бар балық.
Денесінде сол балықтың,
Бір нұры бар жап-жарық.
Сол жарықтың арқасымен,
Тамақ аулап күн көрер,
Оқы ғылым нанбасаң сен,
Жалған емес, бұл анық.*

Қызықты зоологиядан мұхиттың терең қойнауында жарық шығаратын балықтардың өмір сүретіні белгілі. Бұл құбылыста жарық шығарушы бактериялар су түбінде жүретін балықтардың басына ұялап, қараңғы су түбінде светфордың қызметін атқарып, балықтардың жемдерін тауып жеуге себін тигізеді.

*Күн кеткен соң, түн келеді қараңғылау!
Аспандағы Ай, Жұлдыз бәрі айланды.*

*Жалғыз-ақ Темірқазық таңжылмады-ау,
Шынында, дөңгеленген Жер жүрісі-ау.*

Шәкәрім атамыз Күннің батып, Ай, Жұлдыздың қозғалуы Жердің өз өсінен айналуына байланысты деп дұрыс қорытынды жасаған.

*Сиқырына таң қалатын,
Тас бар аты магнит.
Темір оған құл болатын,
Бар осындай қасиет...
Магниттің қуаты еді,
Құбылнама дегенің.
Терең оймен тексереді,
Табады ақыл керемет.*

Ақын атамыз Құбылнама тілінің терістік пен құбыланы көрсетуі магниттің қуатына, яғни, сол бағытта орналасқан магниттік полюстерге байланысты дейді.

Өлең жолдарын оқи отырып, Шәкәрім атамыздың білімдарлығына таң қалмасқа болмайды. Ол кісі жаратылыстың негізгі заңдарымен атом, молекула ілімімен, М.В.Ломоносовтың зат массасының сақталу заңымен, Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімімен, Қ.Темиряевтің ашқан фотосинтез үдерісімен және материалистік диалектиканың барлық заңдылықтарымен жақсы таныс болған және оны қараңғы халқына қарапайым тілмен жеткізе білген.

Шәкәрім атамыздың жеке басы да, оның шығармашылығы да үлкен зерттеуді қажет етеді. Шәкәрім-көп қырлы талант иесі. Оның бір қырын – әдебиетшілдігін ғана айтып қоймай, өлеңдеріндегі ғылыми ойларын, басқа да қырларын ашып көрсетіп, халқына, қала берді әлемге таныстыру-қазіргі ұрпақтың еншісі болуы тиіс.

Шәкәрім атамыздың жоғарыда сөз еткен өлең жолдарын жаратылыс пәндерінен өтетін сабақтарға кең түрде қолдануға болады. Бұл сабақтың қызықтылығын арттырады.

А.АЛТЫНТУРИНА,
Токтамыс орта мектебі.
Ақмола облысы,
Бұланды ауданы,
Токтамыс ауылы

XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

Мақсаты: оқушылардың білім деңгейін, шығармашылық ізденісін байқау. Қазақ тіліне қызығушылығын арттыру. Қазіргі заман талабына сай күнделікті теледидардан көрсетіліп жүрген танымдық бағдарламаларды негізге ала отырып, оқушыларды қоғамдағы жаңалықтан сырт қалмауға баулу.

Көрнекілік: интеллектуалды шоудың сұрақтары.

Ашылу сәті: -Құрметті мұғалімдер, оқушылар. Біздің интеллектуалды шоуымызға қош келдіңіздер!

-Ана тіліміздің құрметіне арналған «XXI ғасыр көшбасшысы» атты интеллектуалды шоуды бастаймыз.

-Бүгінгі сабақ – білім, өнер, шығармашылық ізденіс болмақ. Сайыс 8 кезеңнен тұрады.

1-кезең. «Қос тіл-қос қанатың» аударма ойыны.

Екі топтан 1 оқушыдан шығып, бірі орыс тілінде сөзді оқып береді, екіншісі аудармасын айтады. Мысалы: Отан-Родина, отбасы – семья.

2-кезең. Жұмбақ шешу. «Жұмбақ шешу-ермегіміз жалықпас» ойыны. Оқушылар келген жұмбақтарын жасырады, жұмбақтың шешуін қазақ, орыс, ағылшын

тілдерінде жазады.

1. Ерте тұрады,
Жар салады. (қораз)
2. Көреді бәрін өзгенің,
Көре алмайды өздерін. (көз)
3. Отқа жанбас, суға батпас. (мұз)
4. ЖЫЛТ-ЖЫЛТ еткен,
Жырадан өткен. (су)
5. Отбасында құмған,
Екі көзін жұмған. (мысық)
6. Қалың киім ұнатады,
Шешіндірсең жылатады. (пияз).

3-кезең. Сұрақ-жауап. Тапқырлар тобына:

1. Қазақтың тұңғыш педагог жазушысы кім?
2. Қазақтың батыр қыздарын ата.
3. Қазақтың ұлттық аспабы?
4. *Счастливое детство* тіркесін қазақшаға аудар.
5. Экологиялық апатқа ұшыраған теңіз.
6. Заттың атын білдіретін қай сөз табы?
7. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін ата.
8. Қазақтың атақты палуаны кім?
9. Қазақ тілінді қанша жалғау бар?
10. Тұңғыш қазақ ғарышкері кім?

Алғырлар тобына:

1. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін ата.
2. Қазақстан Республикасының рәміздерін ата.
3. *Независимость* сөзін қазақ тіліне аудар.
4. Тәуелсіздік күнін ата.
5. Буынның түрлерін ата.
6. Қазақстан қай жылы тәуелсіздік алды?
7. *Воскресенье* сөзін қазақ тіліне аудар.
8. *Телезритель* сөзін қазақ тіліне аудар.

9. Ұлттық сусынды ата.

10. Қазақтың үш биі.

4-кезең. Берілген сөздермен әңгіме құрастыру.

Тапқырлар тобына:

1. Сынып, парта, тақта, сабақ, қыркүйек, мұғалім, үзіліс, оқушы.

Алғырлар тобына:

2. Отан, ата-ана, Қазақстан, туған жер, ауыл, отбасы, табиғат, ауа.

5-кезең. Мақал-сөздің көркі. “Шешендік” ойыны.

Бұл кезеңде мақал-мәтелдің бірінші жолы айтылады, соңын топ сайыскерлері толықтырады.

1. Оқусыз – білім жоқ, ...

2. Өнер алды - ...

3. Мектеп кеме - ...

4. Отансыз адам, ...

5. Отан сүю - ...

6. Күш - ...

7. Оқу инемен ...

8. Әдепті бала – арлы бала,...

9. Ерлік білекте емес,

10. Ақыл азбайды, ...

6-кезең. “Мықты болсаң жаңылдыр” жаңылтпаш сайыс ойыны.

Әр топ ойыншысы жаңылтпашын қателеспей, мүдірмей, тез айтып беруі керек.

1. Бір қыз кесте тікті,
Кестесін түсте тікті,
Кеште тікті.

2. Ұшқыш жақсы ма?
Үш құс жақсы ма?
Ұшқыш та жақсы,

Үш құс та жақсы.

7-кезең. Ұлттық ойындарды атау.

1. Алтыбақан. 2. Ақсүйек. 3. Асық. 4. Тоғызқұмалақ.
5. Арқан тарту. 6. Қыз қуу. 7. Бәйге. 8. Қазақша күрес.

8-кезең. Қазақ халқының ұлттық тағамдарын атау.

1. Бауырсақ. 2. Қазы-қарта. 3. Құрт. 4. Сүзбе.

5. Айран. 6. Қымыз. 7. Шұбат. 8. Наурыз көже.

9. Бесбармақ. 10. Шұжық.

Сайыс қорытындысын шығарып, топтарды бағалау.



Б.ШЫНБАЕВА,

Донецк орта мектебі.

Солтүстік Қазақстан облысы,

Тайынша ауданы

ЖҮЗ ЖАСАҒАН БӘЙТЕРЕК

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға Жамбыл өлеңдерінің мәнін ашып меңгерту, жатқа айтқызу, өлеңдерді талдау машығын жетілдіру. Теориялық ұғымдарды меңгерту.

2. Оқушыларды патриотизмге, Отанды сүюге, адамгершілікке баулу. Поэзия, сөз өнері, көркем өнер дүниесіне сүйіспеншілігін арттыру.

3. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету. Ойлау шеберлігін, сөйлеу, жазу мәдениетін жетілдіру.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдістері: әңгімелесу, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, тестік сауалдар, мәнерлеп жатқа оқу.

Көрнекілігі: Ж.Жабаев суреттері, шығармалары, “Дастан ата” кітабы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық:

- Балалар, өз сыныптас достарыңа әдеттегідей қандай ортақ тілектер айтар едіңдер?

Олай болса дос болып, татулықпен, бір-бірімізге бірлесе, көмектесіп сабағымызды бастаймыз.

II. Қонақтармен сәлемдесу.

Бүгін бізде ерекше сабақ өтпек, өйткені біздің сабағымызға қонақтар келіп отыр. Ендеше бәріміз бірге қонақтармен сәлемдесейік.

Күлімдеп бүгін сіздермен,

Сәлемдесіп алайық.

Қош келіпсіз бүгін сіз,

Әдеппен сізге қарайық.

Жылы, жылы жүзбенен,

Жүрегімді сыйлайын.

Ыстық алақаныммен,

Көршіммен амандасайын.

III. Қызығушылық ояту:

- Жаңа сабақты бастамас бұрын әуелі осы «бәйтерек» сөзінің анықтамасына тоқталып кетейік. Бәйтерек – «өмір ағашы» деген мағынаны білдіреді. Қазақта «Бәйтерек» атауына ие болған тамырын тереңге жіберген, көп жыл жасаған, ыстықтағанға сая болатын шаршағанға демеу болатын, жүргіншіге тоқтау болатын үлкен саялы, қасиетті ағаш бар. Астанамыздың қақ төрінде орын теуіп, бар адамзатты

өзінің көркімен баурайтын, Қазақстанның символына айналған «Бәйтерегіміз» де осы қасиетті ағаштың үлгісімен салынған. Осындай қасиетті «жүз жасаған бәйтерек» атты атауға ие болған қазақтың жалғыз ғана ақыны – Жамбыл Жабаев екен.

Міне, осы үш бәйтеректі салыстырып, бір-біріне теңеуіміз де бекерден-бекер емес. Біздің бүгінгі сабағымыз «Жүз жасаған бәйтерек» деп аталуы да сондықтан. (Тақтаға бәйтеректің суреті, Астанадағы «Бәйтерек» монументі, Жамбыл Жабаевтың суреттері ілінеді).

1-бейнетаспа – «Ж.Жабаев көшесі»

Анастасия: «Менің өмірі»

- Балалар, Жамбыл атамыздың өмірбаянына «сұрақ-жауап» әдісі арқылы шолу жасаймыз.

Сұрақтар:

1) Екі ғасырдың куәсі атанған Ж.Жабаев қай жылы, қай жерде дүниеге келген?

2) Неге оған Жамбыл есімін берген?

3) Әкесі кім болған?

4) 12-13 жасынан бастап немен айналысты?

5) Жамбылдың балалық шағы қалай өтті?

6) 13 жасынан бастап Жамбыл не істеді?

7) 14 жасында қандай қайғылы жағдай болды?

- Қазір, балалар, Жамбыл атамыздың өлеңдерін тыңдайық. (Оқушылар Жамбыл Жабаев өлеңдерін жатқа оқиды).

Сұрақ: Жамбыл 15 жасында кімнің шәкірті болды?

- Дұрыс, Сүйінбай Аронұлы – Жамбылдың алғашқы ұстазы болған, сонымен қатар Жетісудың ең танымал, ел ардақтаған ақындарының бірі болатын.

Максим: - Менің пірім – Сүйінбай.

- Жамбылдың ақ батасын алған кім?
- Жамбыл ақ батасын өзінің шәкірті – Дина Нұрпейісова берді.

Есен: Бата

Қазақта «Жамбылдың жасын берсін» деген баталы сөз бар, яғни, жүз жаса деген сөз.

Психологиялық тест.

II. Ақынның бір шумақ өлеңі:

Көктей түс Отанымның шаттық бағы

Кел ұшып, сайрай түсші бұлбұл тағы

Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарыңдар,

От жүрек еркіндіктің адамдары.

Бұл өлең 1938 жылы жазылған. “Күн толғауынан” үзінді. Ол кез бейбіт өмір болатын. Содан кейін Ұлы Отан соғысы басталып кетті.

2-бейнетаспа – «Ленинград шайқасы» бейнетаспа не туралы?

Сұрақ: Ұлы Отан соғысы қашан басталды және қашан аяқталды?

1941 жылдың басында «Кәрілік» атты өлеңінде:

«Босатып буынымның шегелерін,

Сыпырып тұла бойдан күшімді алды»

деп кәрілікке мойын бере бастаған ақын 15 республикадан құралған мызғымас Кеңестер Одағына фашистік Германия тұтқиылдан шабуыл жасағанда қаламын қолға алып, қайтадан қайраттана, жігерлене түсті. Бұл тұста Жамбыл ақын жауға қаламмен қарсы шығып, «Ата жаумен айқастық», «Өлім мен өмір белдесті», «Ленинградтық өренім!», «Москваға», «Аттан, батыр, ұрпағым», «Кеңес жауынгерлеріне», «Майданға хат», «Сыйлық», «Тырналар қайтты көріңдер», «Отан әмірі», «Алынбас қамал»,

«Балама хат», «Воронеж батырларына», «Қамал бұзған қаһарман» сынды әрбір өлеңін жауға оқ етіп жаудырды. Өмір мен өлім белдескен шақта ақын қуатты жырларымен кеңес жауынгерлеріне жігер берді. Оның жырлары жыл құсындай болып майданға аттанды. Жауынгерлерге Ленинград, Москва, Сталинград сынды ірі қалаларды жау қолына бермендер деген ақын жырларында өршілдік рух басым. Кеңес жауынгерлеріне қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан өлеңдерінің ішінен «Ленинградтық өренімді» ерекше атауға болады:

Асан: «Ленинградтық өренім»

Сұрақтар:

1) Жамбылдың қанша ұлы болған? Оларды атаңдар.

2) 1942 жылы Жамбыл кімді майданға шығарып салады?

3) Алғадай майданға кеткеннен кейін не болды?

4) Алғадайдың бөлім бастығы не істеді?

- 1942 жылдың күзінде Алғадайдың өзі әкесіне хат жазып, ерлік істерімен таныстырады. Ақынның баласына қайтарған жауабын Асан бізге оқиды.

Ақын Алғадайды жақсы көріп, “Өзге балаларым бір төбе, бұл бір төбе” деп отырады екен.

-Қай жылы ақын қайғылы хабар алды? Ол қандай хабар еді?

«Алғадай туралы әрбір ой» өлеңі.

III. - Балалар, өлеңді талдай отырып, ақын өлеңіндегі кейіпкер “Алғадайға” мінездеме жасайық. (Ассоциация әдісімен) Алғадай - әкесінің сүйікті ұлы, арманшыл, адал, ақылды, ер жүрек, сыйлы.

- Баласына өлең шығарған тағы қандай ақынды

білесіндер? (Оқушылар жауап береді).

Ұлы Отан соғысы жылдарында патриоттық рухта жазылған толғаулары үшін КСРО Халық Комиссарлар кеңесі 1941 жылы Мемлекеттік сыйлық берді.

Сұрақтар:

1. Биыл Жеңістің неше жылдық мерекесі тойланады?

2. Ұлы Отан соғысының қандай батырларын білесіндер?

3-бейнетаспа – «Ана туралы жыр»

Сұрақ:

1. Жамбыл неше жыл өмір сүрген?

2. Жамбыл қандай ақын? (Ассоциация әдісімен)

Жамбыл - айтыскер ақын, абыз жырау, эпик ақын, жауынгер ақын.

Алина: «Өсиет»

Қорытынды:

Кері байланыс:

Не білемін?	Не білдім?	Не білгім келеді?

Үйге тапсырма: “Соғыс болмасын!” тақырыбына әңгіме құрастыру.

Оқушыларды бағалау.



Білім сынағында

В.СҰЛТАНҚЫЗЫ,
А.С.Макаренко атындағы
№6 жалпы орта білім
беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН 7-СЫНЫПҚА **АРНАЛҒАН МОДУЛЬДІК ТЕСТ** **СҰРАҚТАРЫ**

(Жалғасы. Басы өткен санда)

ІХ. Денсаулық – зор байлық

I нұсқа.

1. Сөйлемді толықтырып жазыңыздар. Адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние - ...

- а) байлық;
- ә) жоқтық;
- б) қонақтық;
- в) денсаулық;
- г) салмақтық.

2. Мақал-мәтелді ақтау. Денсаулық - ...

- а) саулық негізі;
- ә) байлық негізі;
- б) зор байлық;
- в) денінің саулығы;
- г) аса сауаттылық.

3. Қос сөз дегеніміз не?

- а) заттың іс-әрекетін, қимылын білдіреді.

ә) сөздердің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөздер.

б) заттың санын, ретін білдіреді.

в) заттың түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін сөз табы.

г) сөздердің мағыналық жағынан бір–біріне қарама қарсы сөздер.

4. Ересек оқушылар күніне неше сағат ұйықтау керек?

а) 4-8;

ә) 5-6;

б) 6-7;

в) 7-8;

г) 9-10.

5. Денсаулық жақсы болу үшін адам қалай ұйықтауға әдеттену керек?

а) ұзақ ұйықтауға;

ә) аз ұйықтауға;

б) жылдам ұйықтауға;

в) дұрыс ұйықтауға;

г) көп ұйықтауға.

6. Ұйықтар алдында балаларға жүгіріп ойнауға, айқайлауға бола ма?

а) болады;

ә) болмайды;

б) міндетті түрде;

в) әдетке айналдыру;

г) өз еркі.

7. Қос сөздің түрлерін көрсетіңіз:

а) сапалы, сапасыз;

ә) деректі, дерексіз;

б) дара, күрделі;

в) қайталама, қосарлама;

г) аралас, сабақтас.

8. Дұрыс құрылған сөйлемді көрсет:

а) Тісті күту үнемі керек, тазалап.

ә) Керек, тазалап үнемі тісті күту.

б) Үнемі керек күту тісті, тазалап.

в) Күту тісті, тазалап керек үнемі

г) Тісті үнемі тазалап, күту керек

9. Тісті күніне неше рет тазалау керек?

а) 1;

ә) 2;

б) 3;

в) 4;

г) 5.

10. Қос сөздер қатарын көрсет:

а) үлкен аға;

ә) ала келді;

б) бала -шаға;

в) оны күту;

г) гүл шоғы.

11. Аудармасын табу. Форточка, привыкать, драгоценный.

а) тынығады, демалады, ұйықтайды;

ә) аурулардан, көршілерден, адамдардан;

б) балалар, ересектер, кәрілер;

в) желдеткіш, әдеттену, асыл;

г) қор, көп, қап.

12. Топтау сан есімі қандай сұрақтарға жауап береді?

а) қанша? неше?

ә) нешінші?

б) нешеу?

в) нешеден? қаншадан?

г) қанша? қай шама?

13.Топтау сан есім қатарын көрсетіңіз:

а) үштен, екуден, он-оннан, төрт-төрттен;

ә) үшінші, екінші, оныншы, төртінші;

б) жүздеген, қырықтай, елудей, отыздай;

в) біреу, екеу, алтау, үшеу, төртеу;

г) екіден бір, алты бүтін оннан жеті, екіден бір.

14. Салауатты өмір салтына жатпайтынын

табындар:

а) көп ұйықтау;

ә) таза ауада жүру;

б) спорт;

в) дұрыс тамақтану;

г) жүгіру.

15. Берілген сөйлемді аяқтаңдар. Тісті күтпесе

а) жақсарады;

ә) газарады;

б) бұзылады;

в) жұмсарады;

г) ағарады.

16. «Бірінші байлық -денсаулық» дейміз. Бірақ осы сөзді айтқанымызбен, көп мән бермейміз. Айтылған сәтте есімізге түседі, құлағымызға жағады. Келісеміз.Сонан соң өзіміз ұмытып кетеміз. Сөйтіп күндердің күнінде ауырып қалып өкінеміз де, ауырып емханадан ем іздейміз.

Мәтін не туралы?

а) байлық;

ә) достық;

б) денсаулық;

в) жаңалық;

г) емшілік.

17. Аудармасы қате сөзді табу:

а) емхана -поликлиника;

ә) ауру-болеть;

б) өкіну-сожалеть;

в) дәрігер-лекарство;

г) дәрі –таблетка.

18. Демеулік шылаулар деген не?

а) Сөздерді байланыстырып, сөзге қосымша мағына бермейді.

ә) Сөздерді байланыстырып, жаңа сөз тудырады.

б) Сөздерді байланыстырып, жаңа мағына беруге ықпал жасайды.

в) Сөздерді байланыстырмайды.Тек өзі тіркескен сөзге қосымша мағына береді.

г) Сөздерді байланыстырмайды.Тек өзі тіркескен сөзге қосымша мағына бермейді.

19. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойыңыз:

Д...рыс, к...ндіз, ұйы...тау, мезг...л.

а) а, ә, ү, ұ;

ә) қ, ө, н, о;

б) ғ, ң, і, а;

в) а, ғ, ұ, е;

г) ұ, ү, қ, і.

20. Болымсыздық демеулікті табындар:

а) ғана;

ә) кейде;

б) түгел;

в) мыс;

г) мен.

ІХ. Денсаулық – зор байлық.

II нұсқа.

1. Демеулік шылаулар деген не?

а) Сөздерді байланыстырып, сөзге қосымша мағына бермейді.

ә) Сөздерді байланыстырмайды.Тек өзі тіркескен сөзге қосымша мағына бермейді.

б)) Сөздерді байланыстырмайды.Тек өзі тіркескен сөзге қосымша мағына береді.

в) Сөздерді байланыстырып, жаңа мағына беруге ықпал жасайды.

г) Сөздерді байланыстырып, жаңа сөз тудырады.

2. «Сен демалдың ба?» сөйлеміне қандай шылау қатысқан?

а) жалғаулық;

ә) септеулік;

б) сұраулық;

в) болымсыздық;

г) шектік.

3. Дұрыс айтылған мақал-мәтелді көрсетіңіз:

а) Жарлының байлығы – байлығы молдығы.

ә) Жарлының байлығы – жауы көптігі.

б) Жарлының байлығы- денінің саулығы.

в) Жарлының байлығы – теңгесінің шексіздігі.

г) Жарлының байлығы – қойының жоқтығы.

4. 4-8 жастағы балалар күніне неше сағат ұйықтау керек?

а) 11-12;

ә) 12-13;

б) 9-10;

в) 8-11;

г) 10-11.

5.Ұйықтар алдында майлы тамақ жеуге бола ма?

а) ия болады;

ә) әрине болады;

б) жоқ болмайды;

в) тәбетіне қара;

г) тойып ал.

6. Мақалдың аудармасын көрсету. «Устрадающего от зубной боли про здоровье не спрашивают»

а) Тісі ауырғанның көңілін сұрамайды.

ә) Тісі ауырғанның күлкісін келтіреді.

б) Тісі ауырғанның мазасын алыңыз.

в) Тісі ауырғанның назарына қараңыз.

г) Тісі ауырғанның тісін тазалаңыз.

7. Тісті немен тазартасыз?

а) Тісті тазарту үшін қылы қатты щеткамен пайдаланған жөн.

ә) Тісті тазарту үшін қылы ағартылған щеткамен пайдаланған жөн.

б) Тісті тазарту үшін қылы сары щеткамен пайдаланған жөн.

в) Тісті тазарту үшін қылы жұмсақ щеткамен пайдаланған жөн.

г) Тісті тазарту үшін қылы алтындалған щеткамен пайдаланған жөн.

8.Берілген сөйлемді аяқтаңдар.

Тісті күтпесе ...

а) жақсарады;

ә) тазарады;

б) бұзылады;

в) жұмсарады;

г) ағарады.

9. Қолжуғыш, сүлгі, жуыну, сабын сөздерінің аудармасын табу.

- а) невежа, разозлиться, крышка, отстать;
- ә) мойка, спор, лежать, крыша;
- б) здоровье, цветок, мыло, шанс;
- в) умывальник, полотенце, умываться, мыло;
- г) мойка, спор, умывальник, полотенце.

10. Беті-қолы қандай сөз?

- а) салалас;
- ә) сабақтас;
- б) қайталама;
- в) қосарлама;
- г) түсіндірмелі.

11. Әдемі тіс-адам көркі. Тісі жоқ адам дұрыстап шайнай алмайды. Тамақты әбден шайнап жұту қажет, әйтпесе адамның асқазаны ауырады. Тісті үнемі тазалап, күту керек.

Мәтін не (кім)туралы?

- а) асқазан;
- ә) денсаулық;
- б) адам;
- в) тамақ;
- г) тіс.

12. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойыңыз: Тама..., ере... е, па...дасы, әң...мелер.

- а) а,ә,ү,ұ;
- ә) қ,ө,н,о;
- б) қ,ж,й,і;
- в) а,ғ,ұ,е;
- г) ұ,ү,қ,і.

13. Денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының дерегі бойынша адам денсаулығының неше пайызы қоршаған ортаға байланысты.

- а) 15-16%;

- ә) 14-12%;
- б) 17-20%;
- в) 18-20%;
- г) 15-14%.

14. Қатесі бар сөз табу:

- а) ауырмаудың;
- ә) ауырудың;
- б) ауруға;
- в) ауыршан;
- г) ауырп.

15. Емхана тіркеу бөлімінен кейін бірінші қай дәрігерге жолығасыз?

- а) кардиологқа;
- ә) лорға;
- б) окулистке;
- в) терапевтке;
- г) монологқа.

16. Берілген сөйлемдегі сан есімнің мағыналық түрін табындар:

Тіркеу бөлімінде екі-екіден кезекке тұрдық.

- а) есептік сан есім;
- ә) жинақтық сан есім;
- б) топтау сан есім;
- в) реттік сан есім;
- г) бөлшектік сан есім.

17. Сан есімнің сөйлемде атқаратын негізгі қызметі не?

- а) бастауыш;
- ә) баяндауыш;
- б) толықтауыш;
- в) анықтауыш;
- г) пысықтауыш.

18. I жақта тәуелденіп тұрған қатарды көрсетіңіз:

- а) дәрігері;
- ә) дәрігеріңіз;
- б) дәрігер;
- в) дәрігерім;
- г) дәрігерің.

19. II жақта тәуелденіп тұрған қатарды көрсетіңіз:

- а) дәрігері;
- ә) дәрігеріңіз;
- б) дәрігер;
- в) дәрігерім;
- г) дәрігерің.

20. III жақта тәуелденіп тұрған қатарды көрсетіңіз:

- а) дәрігері;
- ә) дәрігеріңіз;
- б) дәрігер;
- в) дәрігерім;
- г) дәрігерің.

Х. Қазақ тілі-мемлекеттік тіл.

I нұсқа

1. Өлең не туралы?

Ана тілім менің
Әлдилеген әнім.
Ана тілім-демім,
Ана тілім –жаным.

- а) қазақ тілі;
- ә) ата-ана;
- б) ана тілі;
- в) отан;
- г) халық.

2. Қазақ тілі қай халықтың ана тілі?

- а) қазақ халқының;

- ә) орыс халқының;
- б) түрік халқының;
- в) өзбек халқының;
- г) монғол халқының.

3. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы қашан қабылданды?

- а) 1989 жылы 22 қыркүйекте;
- ә) 1990 жылы 21 қыркүйекте;
- б) 1991 жылы 20 қыркүйекте;
- в) 1988 жылы 25 қыркүйекте;
- г) 1992 жылы 26 қыркүйекте.

4. Фразеологиялық тіркесті түсіндіріңіз. «Қой ауызынан шөп алмас»

- а) лезде;
- ә) көнбес;
- б) жақын;
- в) үндемеу;
- г) жуас.

5. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы неше баптан тұрады?

- а) 25 бап;
- ә) 26 бап;
- б) 27 бап;
- в) 28 бап;
- г) 29 бап.

6. Зат есім деген не?

- а) лексикалық мағынасынан айырылып, сөйлемде екінші бір сөздің шылауында қолданылатын сөз табы
- ә) заттың санын, ретін білдіретін сөз табы.
- б) заттың іс-әрекетін, қимылын білдіреді.
- в) бірде есім сөздің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің түрі.

г) заттың, ұғымның, құбылыстың атын білдіретін сөз табы.

7. Зат есімнің сұрақтары:

- а) қанша? неше?
- ә) не істеді? не қылды?
- б) қандай?
- в) кім?не?
- г) қашан? қайда?

8.Берілген нақыл сөздің авторын көрсетіңіз.

«Қарағым,оқу оқы,босқа жүрме!»

- а) А.Байтұрсынұлы;
- ә) М.Дулатов;
- б) Б.Алтынсарин;
- в) М.Жұмабаев;
- г) Н.Назарбаев.

9. Тіл туралы мақал-мәтелді белгілеңіз:

- а) Ақыл –тозбайтын тон,
Білім – таусылмайтын кен.
- ә) Ана алдында –құрмет,
Ата алдында –қызмет.
- б) Ашу-дұшпан,ақыл-дос,
Ақылыңа ақыл қос.
- в) Тіл жетпейтін түкпір жоқ.
- г) Досы көпті жау алмайды.

10. Осы шақ нешеге бөлінеді?

- а) 3;
- ә) 5;
- б) 2;
- в) 4;
- г) 6.

11. Тіл білу -

- а) өнер;

- ә) ән;
- б) қол;
- в) сан;
- г) сән.

12. Кімнің сөзі «Қазақ тілі-әрі бай,әрі көркем»

- а) Қ.Мырза Әли;
- ә) С.Торайғыров;
- б) М.Әуезов;
- в) Н.Назарбаев;
- г) А.Құнанбайұлы.

13. Қазақ тілін үйрену жолдары:

- а) арнайы концерттерде, қалалық бағдарламалар бойынша;
- ә) үлкен қалаларда, шағын мекемелерде;
- б) мерекелерде, тойларда, аудандарда;
- в) мектепте тереңдетіп оқу,арнайы бағдарламалармен оқу, жеке курстарына бару;
- г) тек академияда, жоғары оқу орындарында.

14. Қай тіл көп тараған?

- а) орыс тілі;
- ә) қазақ тілі;
- б) ағылшын тілі;
- в) түрік тілі;
- г) қытай тілі.

15. Берілген сөйлемді аяқтаңдар. Бүгін Астанада тілді дамытуға ...

- а) халыққа байланысты.
- ә) қазақ тілін білуі тиіс.
- б) дұрыс емес.
- в) арналған бағдарлама өтті.
- г) біздің міндетіміз.

16.Пікір алысу үшін ең алдымен адамға не қажет?

- а) ой;
- ә) тіл;
- б) дерек;
- в) мәтін;
- г) сөз.

17. Берілген сөйлемді мағынасына қарай аяқтандар. *Мен қазақша жақсы*

- а) көрсетемін;
- ә) дайындаймын;
- б) ойнаймын;
- в) сөйлеймін;
- г) кесемін.

18. Берілген сөйлемді аяқтандар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - ...

- а) орыс тілі;
- ә) қазақ тілі;
- б) ағылшын тілі;
- в) түрік тілі;
- г) қытай тілі.

19. Берілген мақалада сан есім қандай септікте тұр? «Білімді бірді жығады»

- а) атау септігі;
- ә) ілік септігі;
- б) барыс септігі;
- в) табыс септігі;
- г) көмектес септігі.

20. Зат есімнің қатарын көрсетіңіз:

- а) әдемі, сәнді, керемет;
- ә) біз, мен, ол;
- б) мектеп, тақта, қалам;
- в) бір, екі, үш;
- г) алу, бару, келу.

Игілікті іс-шара

В.ТАҢАТАРОВА,
№ 7 ОЖББ мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ТӘУЕЛСІЗДІК-ТІРЕГІМІЗ

Мақсаты: балаларды өз Отанын, туған жерін, елін, халқын сүюге құрметтей білуге адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ел рәміздері, шарлар, интерактивті тақта. Әдісі: салыстыру, пайымдау. Түрі: ойын.

Барысы: Кіріспе сөз.

Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар бүгінгі «Тәуелсіздік тірегіміз» атты зеректілік ойынымызға қош келдіңіздер.

Атыңнан айналайын, егемен ел,

Тәуелсіз күнің туды кенеле бер.

Мерейің құтты болсын, тәуелсіздік,

Ғасырдың тойы болшы келе берер.

- Бүгінгі біздің зеректілік ойынымыз тәуелсіздік мерекесіне арналады. Арайлап атқан таңмен бірге тәуелсіздігіміздің қасиетті мәңгі туы желбіреді.

- 1991 жылы 16 желтоқсан ҚР-ның тарихына алтын әріппен жазылған күн болды. Біздің Отанымыз - Егеменді Тәуелсіз қазақ мемлекеті. Біз Қазақстан Республикасында тұратынымызды мақтан ете отырып зеректілік ойынымызды бастаймыз.

Сайысымызды бастамас бұрын желтоқсан құрбандарын еске алу мақсатында желтоқсан оқиғасына арналған шағын бейнемонтажымызға назар аударып, бір

минут үнсіздікпен еске алайық.

«Желтоқсан желі ызғарлы» шағын слайд.

Бүгінгі сайысқа қатысып отырған 3--сынып оқушылары. Бүгінгі зияткерлік ойынымыз сайыс түрінде өтеді.

Сайысты бағалайтын әділ-қазылар алқасын сайлап алсақ.

Сайыс кезеңдерімен таныстыру.

1-кезең. «Таныстыру»

2-кезең. «Сен рәміздерді білесің бе?»

3-кезең. «Мәнерлеп оқу»

4-кезең. «Мақал-мәтелдер айтып жарысайық»

5-кезең. «Бәйге ойыны»

6-кезең «Әріптер қозғалысы»

Кезең кезең бойынша сайысымызды бастаймыз.

Мұғалім. 1-кезең «Таныстыру»

Топ аты: «Достық»

Ұранымыз: Досы көпті жау алмайды.

Ақылы көпті дау алмайды.

Топ аты: «Бірлік»

Ұранымыз: Бірлігі жоқ ел тозады

Бірлігі күшті ел озады.

2-кезең. «Сен рәміздерді білесің бе? Шарлар таңдалады. Шарда қайсы рәміздің атауы тұрса сол рәмізді сол топ сипаттайды.

3-кезең. «Мәнерлеп оқу» Қазақстан. Туған жер. Отан. Тәуелсіздік туралы өлеңдерді мәнерлеп оқиды.

- Мақалшы аталатын кез де келді,

Көп нәрсе уақыт сайын өзгереді.

Қанеки, шын шешенді біз табайық,

Үйреткен көп нәрсеге өзгелерді.

4-кезең. Мақал-мәтелдер айтып жарысайық.

Оқушылар топтасып Отан, туған жер, ел, ерлік,

батырлық туралы мақалдар айтады. Қайсы топ көп мақал айтса, сол топ жеңіске жетеді (5 минут уақыт)

- Ел мен жер егіз.
- Ел іші алтын бесік. Елі байдың. Жері бай. Отан-қуат. Отан-шуақ.
- Егемен елдің еңсесі биік.
- Әркімнің өз жері-мысыр шаһары.
- Елің-панаң. Жерің-анаң.
- Өз елің өзекке теппес.
- Ауылым -алтын бесігім.
- Өз елің-алтын бесік.
- Ел дегенде езіліп,
Жұрт дегенде жұмылып істе.
- Туған жердің түтіні де тәтті.
- Туған жерің түсіңе кіреді.
- Өз елім -өлең төсегім.
- Отан-оттан да ыстық.
- Отансыз адам-ормансыз бұлбұл.
- Ер жолдасы-тәуекел.
- Елді ел теңгерер,
- Батыр туса-ел ырысы.
Жаңбыр жауса-жер ырысы.
- Ерлік-елдің сыны.
- Ер қанаты-ат.
Ер жігіт ел үшін туады. Елі үшін өледі.
- Ерлік-ел есінде.
- Отан үшін отқа түс күймейсің. Арың үшін күрессең өлмейсің.
- Елдің көркі-елімен. Отан көркі жерімен.
- Туған жердің жері де көрікті, елі де көрікті.
- Елінен безген ер оңбас.

5-кезең. «Бәйге» ойыны. Ойын шарты: мына сандардың кез келгенін тандап, арғы бетіндегі

сұрағына жауап беру керек. Сол ұпай жауап берген оқушыға тиесілі.

30-сол	40-орта	30-оң
20-сол	50-орта	20-оң
10-сол	60-орта	10-оң

30-сол: Қазақстан өз тәуелсіздігін қашан алды? (1991 жылы, 16 желтоқсан)

20-сол: Қазақстан халқы өз президентін қашан сайлады? (1991 жылы, 1 желтоқсан)

10-сол: Еліміздің рәміздері қабылданған күн. (1992 жылы 4 маусым)

40-орта: суретті тапсырма. (Конституция туралы айту) ҚР-ның Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. Конституция-елдің басты құжаты. Бұл мемлекеттегі барлық адамдар ұстанатын заңдар кітабы. Онда азаматтардың құқығы мен міндеттері жазылған.

50-орта: 2030 жылы тәуелсіз Қазақстан Мемлекетінің дамуын қалай елестете аласың?

60-орта: Желтоқсан батырлары кім? (Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сабира Мұхамеджанова.)

20-оң: Астана туралы өлең шумақтарын айт.

30-оң: Қазақстан қай мемлекеттермен шектеседі? (Ресей, Қытай, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан)

10-оң: Қазақстанның алғашқы астанасы қай қала? (Орынбор)

6-кезең. «Әріптер қозғалысы» Оқушыға екі әріп тағылады. Сол әріптерді пайдаланып, сөздердің

аудармасын тереді.

I топқа **с, а, н, а, п, т, м, о** әріптері:

Считай-сана;

Комар-маса;

Ткань-мата;

Уголок -таса;

Убежище-пана;

Слепень-сона;

Выкрий-тона;

Качество-сапа.

II топқа **қ, т, с, р, м, л, а** әріптері:

Каблук- тақа;

Сфера -сала;

Город -қала;

Яблоко- алма;

Черный -қара.

III топқа **о, т, а, н, а, б, қ, л** әріптері:

Лягушка-бақа;

Верблежонок- бота;

Нота-нота;

Слава-атақ;

Кострюля -таба;

Мальчик- бала;

Молитва-бата;

Родина-Отан.

Топтарды марапаттау. Қорытынды шығару.



Ж.БЕКЕЕВА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе облысы

ТІЛ- БІРЛІК БАСТАУЫ

22-қыркүйек - Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесі. Аталмыш мерекеге орай Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Тіл-бірлік бастауы» атты тақырыптық кеш өткізді.

Мерекелік шараға облыстық тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы - Қайрат Нағанұлы, «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ жанындағы «Тілдерді оқыту орталығының маман оқытушысы-Жайнагүл Тұрланқызы, «Алақай» қуыршақ театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі-Адасбаева Аманша, Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының кітапхана меңгерушісі - Нұргүл Нұрдаулетқызы, №34 қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы - Базылдина Үзілхан және Ақтөбе құрылыс және бизнес колледжінің студенттері қатысты.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі.

Қазақ тілі-әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл екен. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының дамуының құралы. Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл-тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: “Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады” - деген. Тіл байлығы - әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті. Амал не, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды. Бүгінде де кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемейтіні – қазақ тілін жақсартып,

биік белестерге көтермеуіміздің қатерлі дерті болып табылады. Қазақ тілі – ұлтымыздың ұйытқысы, елдігіміздің асыл белгісі, намысы, тыныс-тіршілігіміздің көзі. Оны құрметтеп, қорғау, келешек ұрпаққа жеткізу бізге жүктелген абыройлы міндет, аманат. Біз – атадан мұраға қалған қасиетті тілімізді қадірлей білетін ұрпақпыз! Адам ана тілімен бақытты, ана тілімен асқақ. Қазақстан - әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек. Осы тілімізді біз ары қарай дамытып, жетілдіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуіміз керек деп шараға жиналған тіл жанашырлары өрлі де, асқақ рухты тәуелсіз елдің жас ұландарына туған тілдің құдіреттілігі туралы сөз қозғап, болашағы хаһында ой бағамдады. Шараға қатысқан Ақтөбе құрылыс және бизнес колледжінің студенттері тақырыпқа байланысты өз ойларын ортаға салып қазақ тілінің мәртебесін көтеру мәселелер арасында пікір алмасты. Кітапхана директоры Марат Төлебай қазақ елінің болашағы үшін, соның ішінде ана тіліміздің мерейін өсіруге атсалысып жүрген тіл жанашырларын мерекемен құттықтап алғысын білдірді. Шара барысында «Тіл-халық жанын танудың кілті» атты кітап көрмесі жасақталды. Көрмеге Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», А.Ш.Бектұрованың «Казахский язык для всех», К.Аханованың «Тіл білімінің негіздері», «Баршаға арналған қазақ тілі», «Қазақ тілін модельдер арқылы оқыту» электронды кітап дискілері және т.б. кітаптар мен мерзімді

басылымдарда жарық көрген мақалалар қойылды. Мерекеге орай ұйымдастырылған кітап көрмесі айдың соңына дейін өз жалғасын табады. Кітапхана фойесінде «Ана тілі-ұлтымыздың айнасы» атты тіл жанашырларының, ақын жазушылардың нақыл сөздерінен көрме ұйымдастырылды. Сондай-ақ, шара барысында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» слайды көрсетілді. Кітапханамызда өткен тақырыптық кешіміз арқылы тағы бір мәрте ана тіліміздің құдіреті мен өміршеңдігіне біршама көз жеткізгендей болдық. Ана тілін ұлы мұхитқа баласақ, оның тереңіне бойлап түбіндегі інжу-маржанын ерінбей-жалықпай тере біліп өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу-біздің парызымыз. Ал бүгінгі мейрам – біздің атымызды асқақтатып, айбынымызды көтерген төл мерекеміз. Ұлттың жаны, мемлекеттің айнасы болған қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, бүгінгі қоғамдағы маңыздылығын арттыру, жастардың бойында патриоттық сезімді ояту, қазақ тілін құрметтеу, қадір-қасиетін ұғындыру мақсатында ұйымдастырылып отырған Тіл апталығының орны бөлек шара болды. Кітапхана залында тұрақты кітап көрмесі айдың соңына дейін ұсынылып, өте тартымды жағдайда ашылған Тіл апталығы бір ай бойы жалғасын табатын болады.



Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 10.11.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 640. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№11, 2015 ж., 144 бет, Алматы.